Романның бірінші кітабы азаматтық көзқарасы мен дүниетанымы енді қалыптаса бастаған жас та жігерлі Мұстафа Шоқайдың Ташкент гимназиясын бітіру кезеңіне арналғанын аңғарар едік. Автор образ жасауда, ең алдымен, оның ортасын жан-жақты суреттеуге баса көңіл бөледі. Ал ортасы – ХХ ғасырдың басындағы Орта Азиядағы ірі саяси орталық Ташкент қаласы. Алдында ғана бүкіл Ресейді дүр сілкіндірген бірінші орыс революциясы болып өткен. Оның әсері мұнда да жеткен. Сондықтан бақылау жүйесі берік, құпия полиция жұмысы да барынша күшейгені байқалады.

Осы ретте суреткерлік дүниетаным мен қиялдың кең өрістілігі айрықша танылған. Бәлкім, шығармашылық тәжірибесі мол, қарымды қаламгер Ә. Таразидің сюжет құру шеберлігі, қиял дүниесінің ұшқырлығы болмаса, шығарма діттеген мақсатына жете алмай жатуы да мүмкін-ау деп ойлайсың. Автор билік өкілдері арасындағы әр алуан қиянпұрыс іс-әрекеттерді, тартысты терең психологиялық негізде суреттейді. Түрлі сюжеттік арнада Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Самосов, гимназия директорының орынбасары Зеленский, құпия полиция бастығы, полковник Кобрин мен оның жандайшаптары, Петлин, және басқалардың бейнелері мәнді сипат алады. Ресей империясының Орта Азияда жүргізген озбырлыққа толы отаршылдық саясаты жан-жақты ашылады. Автор тарапынан шығармашылық қиялмен өрістетіле суреттелген туындының басты жетістіктерінің бірі осында. Көз алдына тұтас биліктің астамсыған, жымсықы ішкі қайнауы келеді. Озбыр қоғамның зардабы мен қиянаты, зұлматты зияны жас Мұстафа Шоқайды да шарпып жатады.

Романның басында өлкенің жарты патшасы, генерал-губернатордың гимназияға бару салтанаты суреттелінеді. Көшенің екі жағы қаз-қатар сап түзеген солдаттар, тұмсығы ақпен боялған автомобиль бір шақырымдай аралықты өте баяу жылжумен 15-20 минутта өтіп келеді, Ташкенттің ыстық күнінің астында дегбірі қашқан жұрт пен гимназия бітірушілердің ата-аналары, алтын медальді алуға әрекет жасамадың деп әйелі күйеуін қуырып жеп тұрған Беляевтар отбасы, әр қилы ой-сезімді басынан кешетін гимназия директоры Дорре мен жымсықы ойлы Зеленский – жазушының тарихи деректі шығармашылық қиялмен көркем шындыққа айналдырудың әдемі үлгісі, мәнді сипаты деуге негіз мол. Осы салтанатта озат түлек Мұстафа Шоқайға генерал-губернатордың араласуымен алтын медальдің берілмеуі оқиғаның шарықтау шегіне айналған. Ұлтшылдық пиғыл, сөйтіп генерал-губернатордың өзінен бастау алғанын аңғару қиын емес.

Туындыдағы тарихи дерек және оның шығармашылық қиялмен өрістетілуін, оқиға желісін құрап, психологиялық тартысқа айналуын Әбдіуақап Қараның Мұстафа Шоқай жөніндегі зерттеуімен романды салыстыра қарағанда, жақсы байқалады. Ол, әсіресе оқу жайынан айқын аңғарылады: «Диплом беру рәсімінде Мұстафа өмірінде ұмытпайтындай үлкен бір әділетсіздікке ұшырады. Ташкент гимназиясында оқуды ең үздік бітірген оқушыға алтын, екіншіге күміс медаль беру дәстүрі қалыптасқан еді. Сол жылғы диплом беру рәсімінде мектептің ең үздік оқушысы ретінде Мұстафаға алтын медаль берілуге тиіс еді. Бірақ, бұл жағдай Ташкенттегі Түркістан генерал-губернаторы А.В.Самсоновқа ұнамады.

Самсонов түркістандық бір оқушының орыстардан жоғары тұруын көтере алмады. Мектеп директоры Граменицкийдің қарсылығына қарамастан, алтын медальды Мұстафаға емес, екінші үздік оқушы Запретовқа тапсыруға нұсқау берді. Самсоновтың бұл шешімі сол дәуірдегі патшалық Ресей генерал-губернаторларының жергілікті халықты қаншалықты төмен санайтындықтарының айқын бір көрінісі еді» [4,17-18].

Тарихи дерек романда іргелі сюжетке ұласқан. Ташкент генерал-губернаторы

Самсонов – Самосовқа, гимназия директоры Граменицкий – Дорреге, гимназист Запреметов – Беляев Алексейге өзгертіліп берілуі де образдардың тұлғалануында жазушының шығармашылық қиялының белсенділігімен байланысты. Автор әрбір кейіпкердің тұлғалық ерекшелігін сақтағанымен, олардың әрқайсысын өз тарапынан өрістетіп, мінез-ұстанымдарын, қызметін айқындап, психологиясын терең суреттеп, биліктің қадау-қадам, ешкімге ұқсамайтын, бірін-бірі толықтыра түсетін образдарын жасаған. Әрі автордың шығармашылық мүмкіндіктерін де терең танытады.

Жазушы бас кейіпкердің Ташкенттегі өмірін суреттеуде қажетті оқиғаны іріктеп алғанын айқын аңғарар едік. Мұстафатанушы Ә. Қараның зерттеуінде, мәселен, шығыстанушы этнограф ғалым Әбубәкір Диваевпен ара қатысының жақын болу мүмкіндігі, Қазан татарларынан шыққан генерал Сақыпкерей Яникеевтің үйімен, оның қызы, ұлымен достық қарым-қатыста болғандығы жазылады. Этнограф ғалымның қазақ халық әдебиетінің мұрасын жинаудағы орны ерекше екенін айтсақ, бұл образдың бір қарағанда, Мұстафа туралы романға ештеңе толық қақысы бар деп білеміз. Бірақ, автор оған бармайды. Оның басты суреткерлік мақсаты саналы өмірге енді қадам басқан Мұстафаның бойындағы күрескерлік рухтың қалыптасуын, оның ұлы державалық астамшылдықпен, қаны сорғалаған ұлшылдықпен бетпе-бет келіп, азаматтық ұстанымын бекітуін бейнелеу болып табылады. Бұл жөнінде автор: «...Мұстафаның өз жазбаларын пайдаландым, жұбайы Мария Горинаның жазғандарын оқығанымның пайдасы тиді, солардың өзі жеткілікті болды. Себебі, менікі ғылыми емес, көркем-философиялық шығарма» [3], - деп ойын түйіндейді.

Романның соңында Мұстафа құпия полиция бастығы Кобриннің жымсықы айласымен полиция бөлімінің камерасына қамалады. Алғашқыда мұның не жағдай екенін жігерлі жас аңғармайды. Алдында ғана өзімен сыпайы, сызылып сөйлеген, әр түрлі тақырыпта мұның албырт көңілінің пернесін басып қойып, пікір алысқан жанның мына қадамын түсіну қиын еді. Ал шындап келгенде, бұл жастар арасында бедел алып келе жатқан, биліктің араласуымен ұлт араздығын тудыру мен кемсітушілікті жан-жүрегімен сезініп, кеудесінде намыс оты жалындай бастаған Мұстафаны қорқытып, үркітіп алу, сағын сындыру еді. Еш кінәсі болмаса да тар қапаста үш күн жатқан ол ашық айтпаса да, көп қитұрқылықты іштей сезінеді. Ұлттың азаттығы жолындағы күрестің жеңіл еместігін айқын аңғарады.

Анығында, роман бастан-аяқ бас кейіпкер Мұстафа Шоқай төңірегіне құрылмайды. Автор патшалық билік жүйесін, Ташкенттегі саяси ахуалдың күрделі жайын, құпия полицияның қызметін жан-жақты суреттеу мен ашуды мақсат тұтады. Бұл бағыттан да бірқатар ізденіс, көзқарас жүйесі танылады.

Романда әр қырымен суреттелетін құпия полиция басқармасының бастығы, полковник Кобрин - шындыққа суарылған шығармашылық қиялдың жемісі. Оның әріден ойластырылған жымсықы әрекеттері, кімді өлтірсе де, беті шімірікпейтін безбүйректігі шығармада кеңінен көрінген. Кобриннің іс-әрекеттері мен ойының суреттелуі туындыға детективтік сипат берген. Оның тергеу не кездесу кезіндегі ойлау жүйесі мен тілдесуін автор өзгеше құрады. Кейіпкер диалогы мен монологы қатар өріліп, олардың мүлде қабыспай, кереғар болуы, басқаша ойлап тұрып, басқаша сөйлеуі кәсіби дағдысына айналғанын жазушы әр алуан салыстырулар негізінде шебер ашқан.

Кобриннің жауыздық бейнесі әйелін қорлықта ұстап, ақыры оның асылып өлуіне әкеліп соқтыруынан, Мәскеуден келген Петлинді өлтіртуінен көрінеді. Оның Петлинді құртудағы амал-айласына құрық бойламайды. Генерал-губернаторды Петлиннің орталықтан листовка әкелген халықшылдың өкілі екендігіне сендіреді. Вокзал маңындағы жансызы арқылы бірқатар деректер жинап, оның үстінен мәлімет жаздырады.

«Қалай еді әлгі киргиздар айтатын, «құмырсқа өз ізімен жүру керек» дейтұғын. Иә,

біз бәріміз де құмырсқамыз. Жер бетінде әркімнің өз жолы бар. Менің өз жолым бар. Самосовтың өз жолы бар. Доррениң өз жолы бар. Оқушы жастардың өз жолы бар. Қыбырлап кетіп бара жатырмыз. Қажет болған жағдайда мемлекет – ол үлкен шоқпар. Қажет болған жағдайда мемлекет шоқпарын көтереді. Сол шоқпар... сол шоқпар – мен! Мен! Мен!» [5,93], - дейді Кобрин ішкі ойларының бірінде.

Гимназия директорының орынбасары Зеленский де жымысқы ойларымен, әрекеттерімен танылады. Оның ағылшындар секілді Ресейдің өз Индиясы болуы керек, ол Амудария мен Сырдарияның екі аралығы болуы тиіс деп келетін ойын жүзеге асыруда неге болса да дайын. Құлаш-құлаш мақалалар жазады. Құпия полиция бастығына ойын қызулана дәлелдейді. Оның бұл әрекеті генерал-губернатордың да көңілінен шығады. Диалог - образ жасаудың басты амалдарының бірі. Онда кейіпкердің жан әлемі, ішкі ниет-пиғылы лықсып сыртқа шығып жатады.

«- Иә, бізге өз Индиямыз керек. Құдайдың өзі жаратқан мынау Амудария мен Сырдария осы екі дарияның ортасы, екі дарияның жағасы бізге жаңа Индия бола алады. Өзбек халқы мен тәжік халқын осы екі өзеннің жағасына орналастырып, күріш егу керек, мақта егу керек. Біздің Индиямыз, өз Индиямыз сонда. Тәжіктер мен өзбектердің арасындағы қайшылықты жою керек. Екі тіл, екі ел болғаны, бізге, әрине, пайдалы. Бірақ салт-санасында аздап өзгешеліктер бар. Тәжіктер тауға қарай кетіп қалуға мүмкіндігі бар. Олардың барлығын Памирден төменге түсіру керек. Алатауларынан да төменге түсіру керек. Барлығын өзен жағасына орналастыру керек. Қыстақтарын бәрін өзен жағасына орналастыру керек. Оларға жерді тең бөліп беру керек. Әр отбасына. Салықты жеңілдетіп, мақтаны көп өсіруге мәжбүр ету керек. Күріш егетін аймақтарда тек қана өзбектерді қалдыру керек. Ол аймақтарда көшіп-қонып жүрген киргиздардың бәрін, бәрін... Киргиздар туралы менің мақаламды оқыған шығарсыз...» [5,105].

Тұтастай алғанда, романда Ресей патшалығының Орта Азияны отарлаудағы зымиян саясаты кейіпкерлердің әрекеттерімен кеңінен суреттелген. Автордың кең өрісті дүниетанымы мен шығармашылық қиял еркіндігі бұған жол ашқан. Міне, осындай қилы ортада қазақ халқының болашақ тәуелсіздік жолындағы күрескері Мұстафа Шоқай тұлғаланады.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің дамуына өз үлесін қосып жүрген қаламгердің бірі – Ілияс Жансүгіров атындағы сыйлықтың лауреаты Рафаэль Ниязбек. Ақын, әрі жазушының «Келер күндер», «Қаратау мен Алатау», «Темірқазық», «Жер жанары», «Биіктей бер, тауларым», «Тамұқ отына жанбаған», «Шешендер», «Күркіреп өткен күндерім», «Қан қасап», «Махамбет майданы», «Ақбозым менің», «Кемеңгер», «Қағанат», т.б. бірнеше жыр кітаптары, «Отағасы», «Қаңтар», «Жауатар», «Қызыл үй», «Тас құдай» прозалық кітаптары қазіргі кезең әдебиетінің танымал шығармаларына айналды.

70 жылдай билік құрған КСРО-ның күйреу қарсаңы Қазақстан Республикасына үлкен сын-ауыртпалығымен келді. 1986 жылғы азаттықты аңсаған Желтоқсан көтерілісі тоталитарлық жүйе тарапынан аяусыз жанышталды. Биліктен еріксіз тайдырылған Д. А. Қонаевты біржолата қаралап, тұқырту үшін оның жақын серіктері тұтқындалып тергеуге алынды. Соның бірі кезінде Жамбыл, Алматы, Шымкент облыстарын басқарып, экономикалық-әлеуметтік жағынан көркеюіне айрықша үлес қосқан мемлекет қайраткері Асанбай Асқаров болатын.

Жазушы Рафаэль Ниязбектің «Тауқымет» романына қайраткер өмірінің осы қасіретке толы соңғы жылдары арқау болған. Шығармадағы тартыс солақай саясат пен кейіпкер басындағы түрлі ауыртпалықтармен өрбиді. Коммунистік тәрбиемен қанаттанып, партияның адалдығына шексіз сенген бас кейіпкерге мәселесінің республикалық, одақтық деңгейдегі дәрежесіне қарамай, бастауыш партия ұйымында, бюрода қаралуы соққы болып

тиген. Алғашқы сәтте мұның бәрі әлдебір түсініспеушілік дегенмен, үміті уақыт өте келе күйрейді.

Автор бас қаһарманның азапты жағдайды басынан өткерудегі психологиясын кең суреттеуге ден қояды. Романның басты тінін құрап тұрған да, біздіңше, осы – психологиялық тартыс, жан драмасы.

Басты қаһарманның Мәскеу түрмесіне алынуы, сұрқия тергеушілердің адамның ойына келмейтін небір қорлау амалдарын қолданып, жанын азапқа салуы, кеңестік түрменің адамның құқығын аяққа таптаған жөнсіз жүйесі - күйзелткен. Кейіпкердің шерлі толғанысы мен автордың публицистикалық өткір толғауы жымдаса кірігіп, шығарманың азаматтық сарыны мен әшкерелеушілік сипатын күшейткен. Уақыт рухы да аңғарылады. Оны автор:

«Рас, Асанбай Махамбеттің бодауына жүрмек емес. Бірақ екі ғасырда ғұмыр кешсе де, екеуінің соңғы өмірі өзара ұқсас көрінді. Махамбет өмірінің соңында қым-қуыт қуғын көріп, сергелдең ғұмыр кешсе, Асанбай да өмірінің соңында бір қатерге тап болып, тағдыр талайы талқыға түсіп тұр. Бұл не? Ұқсастық па, жоқ кездейсоқтық па? Қалай десек те Асқаровта дауылап ақынның өжет мінезі, өр рухы бар екені өтірік емес.

Ол күйрек сезімге беріліп, басына түскен ауыртпалықтан жаншылып, үгітіліп, күйреп бара жатқан. Махамбеттің өлеңдерін күркіреп оқығанда алабұртып, екі көзі от шашып, бүркітаруақтанып кетті. Көкірегіне қыжыл кіріп, тұла бойы тасқындаған күшке толып бара жатты» [6,214], - деп суреттейді.

Кейіпкердің ішкі толғанысы мен публицистикалық толғауда ашындан туындаған қатқыл сөздер мен үкімдер жиі қолданылады. Бұл сарказмге толы қолданыстар кейіпкер басындағы жағдайға байланысты туындайды. Алпыстың үстіндегі – қария жасындағы адамның бүкіл қайраткерлік ғұмыры аяққа тапталып, ар-ұжданы қараланып, түрменің жаныштаған қорлауын тоқтаусыз басынан кешіріп жатса, ол қалай сөйлемек, қалай күңіренбек, қалайша лағнет айтпасқа! Шығарма стилі осыдан танылады.

Романда тарихи шындық пен шығармашылық еркіндік тұтастық тауып, қаһарманды тұлғалаудың өзіндік мәнер, сипатына айналған.

Автор Желтоқсан көтерілісінің шындығы мен оған бас қаһарманның қатысын бейнелеуде жалпы сарынға ілесіп кетпей, кейіпкерлер тағдырын алдыға тосады. Шығарма басындағы жендеттерден қашқан Гауһардың Асанбай үйінен пана табуы, Сейдуалы қарттың бюрода Асанбайды қорғап сөйлеуі мен оның кейін түрмеге қамалып, бір камерада кездесіп, жұмбақ жағдайда өлуі, Сейдуалы қарттың қызы Жазираның жендеттердің жемтігіне айналып, айуандықпен өлтірілуі, өсек-аянды өршіткен әйелдер мен қараниет Құнысқара әрекеті - әлеуметтік-қоғамдық негізі бар, шындыққа суарылған автор қиялынан туындаған, тарихи шығарманы тұтастырған сюжеттік арналар. Кезең көріністері де, уақыт рухы да терең танылады.

Авторлық қиялмен өрілген бұл кейіпкерлердің қай-қайсысы да романның көркемдік бояуын қанықтыра түседі. Жалпы, кейіпкерлер тағдыры, олардың тоғысы мен шығарманың бас қаһарманымен байланысы, оқиғаның шымыр өрбуі – композициясы – жазушының шеберлігін, шығармашылық қиялының өрістілігін байқатады.

Асанбай, Фатима – Гауһар байланысында бас кейіпкер Асанбай мен оның зайыбы Фатиманың адамдық тұлғасы ашыла түскен. Жендеттердің қолынан сытылып қашып шығып, жаңдалбасалап пәтер есіктерін қаққан Гауһардың Асанбай үйінен пана таппағанда, тағдырының немен аяқталары белгісіз еді.

Осы детальді автор кейін роман тартысын ширықтыруда пайдаланған. «Желтоқсан көтерілісін ұйымдастырушылардың бірісің, мойында!» деп шүйліккен тергеуші Гауһарды Асанбайдың құтқарып қалуын дәлел ретінде алға тартады.

Гауһардың кейін Орал аэропотында, самолетте Асанбаймен кездейсоқ ұшырасып

қалуы да романда қызықты берілген. Бұл кез - Асанбайдың түрмеде жатқан, небір зобалаңды басынан өткерген уақыты. Жұбайы Фатиманың оған «Досқа күлкі, дұшпанға таба болмаймын десең еңсеңді биік ұста. Етегіне қараған еркектен ерлік күткен жұртты көргем жоқ әлі» деп азаматын қайрайтын тұсы. Сонда да түрме Асанбайға оңай тимеген. Қажытқан. Әсіресе, кеше айналасында жүрген адамдардың сырт айналуы, қайбірінің беті бүлк етпей, болмағанды болды деп жала жабуы күйінткен. Осындай сәтте, Гауһардың арып-ашып, қорлық көрген Асанбайға: «Ағатайым-ау, қандай зауалға тап болғансыз? Сізді бұндай күйге жеткізген қай оңбаған?» деп шырылдай ара түсуі, өзіне тап берген айдауылдарға: «Қылмыскер бұ кісі емес, мына сендер» деп айбат шегуі – қарапайым халықтың қаһарманға ықыласы болып көрінеді.

Романда қарапайым халық өкілі мен Асанбай тәрізді ел басқарған тұлғаның арасындағы байланыс әдемі қиыстырылып берілген. Туындыдағы Сейдуалы қарттың бюрода Асанбайды жақтап сөйлеуі, әділетсіздікке көнбей, ақыры партбилетін стол үстінде қалдырып, жиыннан шығып кетуі – қиянатқа қарсылығы еді.

Тарихи-деректілік пен шығармашылық қиялдан туған көркем эпизодтардың туындыда үйлесім табуы – романның тынысын ашып, композициялық тұтастығын нығайтқан.

Романда кейіпкерлер саны көп емес. Соның бірі – Ақеділ ақын. Кейіпкер прототипі туралы: «Негізгі кейіпкеріміздің қасынан табыла білетін Ақеділ ақынның осы романның авторы екені күмән туғызбаса керек» [7,12], - дейді әдебиеттанушы ғалым Г. Орда.

Шығармада 1986 жылдан кейінгі билік пен қазақ қоғамы бейнеленген. Табанының бүрі жоқ қайбір азаматтардың қолшоқпарға айналуы Асанбайды күйінтеді. Ендігі бірі – мансап жолында бәрін сатып жіберуге, біреудің тағдырын күл-талқан етуге дайын. Романдағы Құнысқара - сондай образ.

«- Тамағыңды тездет. Жуан тойып алып, орындыққа шегеленіп, тапжылмай мақала жазбасақ болатын емес. Колбин жолдастың тапсырмасы солай» деп мардымсуы, «Капұт!» деп азу тісін ақситып, «Е... е, кімді жайратып келдің тағы?» деген әйеліне «Сенің Асқаровыңды» деп астамсуы – Құнысқараның кім екенін тайға таңба басқандай аша түсетін диалог «характер сомдаудың, оны даралаудың тәсілдерінің бірі» [6, 59-60] болып шыққан.

«Тауқымет» романында кеңес түрмесі суреттеледі. «Бірақ жатқан бойда түрменің қандаласы талап, тұла бойын дуылдатып ала жөнелді. Оның үстіне сай-сүйегі сырқырап және шыдатпады. Сосын қайтеді, басқа амал жоқ, ескі көрпені басына бүркеніп, тыр-тыр қасынып, төсек үстінде аласұрып отырды да қойды» [6,215].

«Терезесіне қалың тор тұтылған камераның іші әлі қаракөлеңке. Ызғарлы ылғал тепкен төрт қабырғасы қандай суық болса, кедір-бұдыр плитка төселген едені де сондай суық. Тамақтанатын үстелін де темірден домбалдап жасай салған. Сонан ба, қай жаққа бұрылып қарасаң да бетінді ызғар қарып, денен түршігіп, қол-аяғың мұздап жүре береді.

Әжетқана – камераның ішінде еді. Бөлме ауасын сасытып бүлдірсе де мынандай мүскін шақта дәтке қуат болды» [6,215].

Ал түрмедегі азаптаулар мұнан да сұмдық еді.

Қиянатқа төзбеген қайсар рух Р. Ниязбектің «Тауқымет» романының негізгі пафосын құраған. «Қобыланды», «Алпамыс батыр» жырларында батырлар ұзақ, қатерлі сапарлардан соң, еліне оралып қуантып жатса, азапты тергеуден кейін, түрменің қасіретін жеңіп шығып, Асанбай Асқаровтың халқымен қайта қауышуы – әділдіктің салтанат құруының белгісіндей. Алайда, әділдіктің жолы жеңіл емес еді.

Нәтижелер

Шығармашылық қиялсыз көркем туынды жасалмайды. Шығармашылық қиял - көркем туындының өн бойында автордың жазуымен қатар жүріп отыратын күрделі суреткерлік процестің қайнары. Бұл туралы академик З. Қабдолов: «...Творчестволық фантазия, яки ойдан шығару – шығармада суреттелер шындықтан шалғай жатқан оқыс нәрсе емес, сол шындықты сұрыптау, саралау тәсілі; шындыққа суарылған адам тұлғасын әрі жинақтау, әрі даралау тәсілі» [8,91] дейді.

Алайда шығармашылық қиял көркем туындыда суреттелетін өмір шындығымен тікелей қабысып, соған бағынып, дамытып, түрлентіп жатуы шарт. Одан тыс, бөлек тұрмайды. Сондықтан да ол автордың шығарма объектісін суреттеудегі көкке еркін самғар қос қанаты іспетті. Туындыгерлік тынысын ашады. Образды тереңдетеді, сюжеттегі тартысты күшейтеді, кейіпкердің жан дүниесіне үңіліп, психологиялық терең иірімдерін бейнелеуге мүмкіндік береді. Көркем шығарманың құрылымын тұтастандырады.

Бұған Ә. Таразидің «Мұстафа Шоқай», Р. Ниязбектің мемлекет қайраткері А. Асқаров жөніндегі «Тауқымет» тарихи романдарын талдауда көз жеткіздік. Авторлар тарихи дерекке, тарихи-әлеуметтік орта шындығының тынысы мен психологиясына табан тірегенмен, шығармашылық қиялмен еркіндікке жол ашып, толымды образдар жасайды. Екі туындыда да авторлар кейіпкерлерінің мықты күрескерлік рухын суреттеуді бірінші кезекте мақсат тұтады. Тартыс арнасын күшейтуде сол кезеңнің жиынтық образдарын сюжетке қосады. Рас, ондай образдардың тарихи негізі болғанмен, автор оны әлдеқайда тереңдетіп, дамытып алатыны романдардағы жанама образдарды талдау барысында анықталды. Мәселен, «Мұстафа Шоқай» романындағы Кобрин - патша өкіметінің отарлық әккі де қатал саясатын жүргізуде типтік дәрежеге көтерілген образ. Бұл бейненің осыншалықты биікке көтерілуінде автордың суреткерлік дүниетанымы мен шығармашылық қиялының жетекші орын алғаны белгілі. Сол сияқты «Тауқымет» романындағы Гауһар, Сейдуалы қарт, Құнысқара – сөз жоқ, автор қиялының жемісі. Бірақ бұл кейіпкерлердің қай-қайсысы да колбиндік кезеңнің шындығымен суарылған. Сол уақыттың тынысы мен психологиясын бейнелейді. Осындай шығарма табиғатына етене жанама образдардың қатысуымен тарихи тұлғалардың бейнелері тереңдетіліп, конфликт күшейтілген. Зұлымдық күштен қашқан Гауһардың Асанбай үйін паналамаса, Асанбай мен жұбайы Фатиманың адамдық бейнесі толық ашылмаған болар еді. Образ қайраткердің азаматтық тұлғасының суреттелуіне табылған әдемі кілт болса, кейін тартыстың күшеюіне, Асанбай басына қара бұлттың үйірілуіне себепші болады. Сонымен қатар Гауһар - желтоқсан құрбанына айнала жаздап, кездейсоқ аман қалған қазақ жастарының бір көрінісі.

Тарихи романның басты объектісі – тарихи тұлғаның күрделі де қайталанбас, тың образын жасау. Автордың бүкіл шығармашылық күш-қуаты соған бағыталады. Екі романда да тарихи тұлғалар ірі де күрделі, тың бейнелерімен оқырманның көз алдына келеді. Бұл ретте автор қатал тарихи шындық шеңберінде десе болады. Шығармашылық қиял да осы тарихи шындық аясында өрбиді. «Мұстафа Шоқай», «Тауқымет» романдарын талдауда осы нәтижелер танылды.

Қорытынды

Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Р. Ниязбектің «Тауқымет» романдарын саралай қарағанда, шығармашылық қиялдың образ сомдауда, сюжетті өрбітуде, туындыдағы оқиғалардың байланысы мен композициясында шешуші көркемдік қызмет атқаратынын байқаймыз. Дегенмен, шығармашылық қиял тарихи тұлға болмысы мен тарихи орта шындығына қайшы келмеуі шарт. Қайта сол тарихи тұлға мен орта шындығын көркемдік тұрғыдан жинақтап, сюжетке айналдырып, характерлер қақтығысына құруда жазушы

фантазиясының еркіндігі маңызға ие. Автор үшін тарихи деректің тасасында қалып қою емес, қайта керісінше тарихи тұлғаның шынайы азаматтық-күрескерлік тұлғасын, жанкешті психологиясын ашу, тарихи органың тынысын бейнелеу бірінші кезекте болмақтығы қазіргі қазақ романдарының жоғарыдағы үлгілері танытып отыр.

Пайдаланған әдебиеттер

1 Оразбек М.С. Көркем шығарма табиғатындағы бас қаһарман / Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Гуманитарлық ғылым сериясы.- 2015. - №1 (104). – 119-123 б.

2 Тұрысбек Р. Сырлы сөз. Монография. Екінші басылым. - Астана: Дана, 2018. – 445 б.

3 Әкім Тарази: «Мен өзімді ұлы оқырманмын деп санаймын». Сұхбаттасқан Батырболат Айтболатұлы [электронды ресурс] – 2018. – URL:https://adebiportal.kz/kz/news/view/akim_tarazi__men_ozimdi_uli_okirmanmin_dep_sanai_min__19981 (05.05.2018)

4 Әбдіуақап Қара. Мұстафа Шоқай. Зерттеу. Түрік тілінен қазақ тіліне аударған Гүлім Блен Шадиева. – Астана: Педагогика-Пресс Баспа Үйі, 2012, – 372 б.

5 Тарази Ә. Мұстафа Шоқай: Роман. – Алматы: Жазушы», 2008. – 384 б.

6 Ниязбек Р. Тауқымет: Роман, поэма, өлеңдер, мақала. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2016. – 416 б.

7 Орда Г. Асқар таудай Асекеңе сөзден соғылған ескерткіш. / Ниязбек Рафаэль. Тауқымет: Роман, поэма, өлеңдер, мақала. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2016. – 416 б.

8 Қабдолов З. Сөз өнері (Әдебиет теориясының негіздері). - Алматы: Мектеп, 1976. – 373 б.

У. Саменкызы, Р. Турысбек

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Роль творческого воображения в современном историческом романе

Аннотация. Одна из главных характеристик казахской литературы после обретения независимости – создание художественного образа героев, совершивших самоотверженный подвиг на пути к независимости. Главная особенность современного сложного жанра от романов советского периода это - написание в духе независимости. С этой точки зрения современный роман в национальной литературе развивается системно, в соответствии со своим временем. В исследовательской статье проанализированы роман писателя, лауреата Государственной премии, заслуженного деятеля Казахстана Акима Тарази «Мұстафа Шоқай» и роман поэта и писателя Рафаэля Ниязбека «Тауқымет». Анализируя эти два романа, мы пришли к выводу, что творческое воображение выполняет решающую художественную функцию в создании персонажа, развитии сюжета и конфликта, связи и композиции событий в произведении. При этом необходимо, чтобы творческое воображение не противоречило бы действительности исторической личности и реалиям истории. Напротив, мы обнаруживаем, что свобода фантазии писателя в художественном обобщении и превращении героя и его медиума в сюжет, в конфликт характеров. Тот факт, что в изображении характера главных героев авторы обращали внимание на описание психологии деятеля в переживании различных ситуаций, подтверждается выдочкой отрывков из произведения. Изучались психологические

конфликты, жанровая драма, битва жизни и смерти, составляющие основную линию романов. Для автора важно не оставаться в рамках исторического факта, а, наоборот, раскрыть истинную гражданско-борцовскую личность, самоотверженную психологию исторической личности, показать читателю дыхание исторической среды.

Ключевые слова: творческое воображение, исторический факт, художественный образ, автор, личность и герой, литература независимости.

U. Samenkyzy, R. Turysbek

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The role of the creative imagination in the modern historical novel

Abstract. The main characteristic of nowadays Kazakh literature is the creation of an artistic image of the heroes who performed a selfless feat on the way to independence. The research article analyzes two novels: «Mustafa Shokai» Akim Tarazi and «Taukymet» Raphael Niyazbek. To find a description of the civil identity, exalted spirit of outstanding public figures who faced the totalitarian system, artistic and stylistic searches in creating a heroic personality and creative imagination the of the authors. Analyzing these novels, we concluded that the imagination performs a crucial artistic function in the creation of a character, the development of the plot and conflict, the connection and composition of events in the work. Simultaneously it is necessary that the creative imagination does not contradict the reality of the historical person and the history realities. In contrast, we find that the freedom of the writer's imagination lies in the artistic generalization and hero transformation and his medium into a plot, into a conflict of characters. The fact that in depicting the character of the main characters, authors paid attention to the description of the psychology of the figure in the experience of various situations confirmed by the issuance of excerpts from the work.

Keywords: creative imagination, historical fact, artistic image, author, personality and hero, independent literature

References

1 Orazbek M. S. Korkem shygarma tabigatyndagy bas kakharman [Chief Hero in the nature of literature] / L. N. Gumilyov Eurasian National University Bulletin, Humanities series, 2015. №1 (104), 119-123 [in Kazakh]

2 Turysbek R. Syrly soz [The Artistic word]. Monograph. Second edition / Turysbek R. S. (Astana, Dana, 2018. 445 p.) [in Kazakh]

3 Akim Tarazi: «Men ozimdi uly okyrmanmyn dep sanaimyn» [«I consider to be a great reader»] Interviewed by Batyrbolat Aitbolatovich 2018. Available at: https://adebiportal.kz/kz/news/view/akim_tarazi__men_ozimdi_uli_okirmanmin_dep_sanaimin__19981 (Accessed 05.05.2018)

4 Abdiuakap Kara. Mustafa Shokay. Research/ Translated from Turkish into Kazakh by Gulim Blen Shadieva. (Astana, Pedagogica-Press, 2012, 372 p.) [in Kazakh]

5 A. Tarazi. Mustafa Shokay. Novel. (Almaty, Zhazushy, 2008, 384 p.) [in Kazakh]

6 R. Niyazbek. Taukymet. Novel, poem, poets, articles (Almaty, Kazakparat, 2019, 416 p.) [in Kazakh]

7 G.Orda. Askar tauday Asekene sozden sogylgan eskertkish [«Monument from the words for Askar»]. Book. R. Niyazbek. Taukymet. Novel, poem, poets, articles. (Almaty, Kazakparat, 2019, 416 p.) [in Kazakh]

8 Kabdolov Z. Soz oneri [Art of word]. Book. (Almaty, Zhazushy, 1976,373 p.) [in Kazakh]

Авторлар туралы мәліметтер

Саменқызы Ұлпан – қазақ әдебиеті кафедрасының 1-курс докторанты, Әдебиеттану мамандығы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Тұрысбек Рақымжан – филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Samenkyzy Ulpan – 1-year doctoral student of the Department of Kazakh literature, specialty «Literary studies», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Turysbek Rakymzhan - Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Г.С. Сағынадин

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: gulnaz86.08@mail.ru)**Балалар фольклоры және көркем бейне***

Аңдатпа. *Адамзат жаратылып, жер бетінде пайда болғанынан бастап, өзіндік сана тұрғысынан айналаны таңуға, қоршаған әлемді зерделеуге, табиғатты, оның түрлі құбылыстарын талдап-таразылауға ұмтылды. Ұзақ тәжірибе мен бақылау арқасында айналасындағы жан-жануарлардың бәрін тек біліп қана қоймай, олар жайында толып жатқан миф, аңыз-әңгіме, арман-қиялға толы хикаялар, қанишама терең жырлар мен ертегілер тудырған. Мұндай халық шығармаларының ұлттық құндылыққа айналудағы мәні әр жанрдың мазмұны ұсынатын бейнелердің қыр-сырында жатыр. Балалар фольклорының тууы мен қалыптасуына да негіз болған көркем бейнелер жүйесінің терең таным мен ғылыми саралауды қажет ететіндей өзектілік деңгейі жоғары.*

Бейне – туындының тақырыптық табиғатын ашып, идеялық бірлігін жеткізуші басты құрал. Олай болса, фольклор аясында ерекше болмысымен танылған, халық әдебиетіне өзек болып, идеялық-эстетикалық, көркемдік бейнеге айналған жануардың бірі – түлкі. Ендеше бұл мақаланың негізгі мақсаты – түлкі бейнесінің балалар фольклорының дамуы мен өркендеуіндегі, соның ішінде әлпештеу жырлары мен жеткіншектер поэзиясындағы идеялық-эстетикалық рөлін таныту. Зерттеу барысында балалар фольклорының түрлі жанрларын сараптау арқылы ондағы түлкі бейнесінің көріну деңгейі сараланды. Табиғаттағы түлкі жануары мен фольклордағы көркем бейненің ара-жігі, айырмашылықтары мен ұқсастықтары тереңдей зерттелді. Фольклортанушы-ғалымдардың теориялық тұжырымдарын басшылыққа ала отырып, сәбилік жырлар мен қызықтамалар, өтірік өлеңдер, жұмбақ жанрының дидактикалық әрі эстетикалық функциясы сөз болды. Түлкі болмысына тән тапқырлық, ақылдылық, сымбаттылық т.б. қасиеттер оның көркем бейне ретінде фольклорлық шығармалардағы рөлін анықтады. Сол арқылы балалардың ой-өрісі мен сана-сезіміне, тәрбиесі мен дүниетанымына ықпал етуде қуатты күш болып, баланың ақыл-ой, сана-сезім, дүниетанымын дамытудағы бейнелік құрал екені айғақталды.

Кілт сөздер: *балалар фольклоры, әлпештеу жырлары, бесік жыры, түлкі бейнесі, бейнелілік.*

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-123-134

*Мақала 2020-2022 жылдарға арналған ҚР БЖҒМ грантымен қаржыландырылатын «АР 08856218 - XXI ғасырдағы гуманитарлық ғылым кеңістігі: ғылымдар ықпалдастығы және әдебиеттану» ғылыми жобасы аясында дайындалды.

Кіріспе

Көне мәдениетіміздің қай саласының болсын қайнар көзі деп біз әрқашанда фольклорды танимыз. Көз жазып, адасып қалған, көп уақыт ұмыт қалдырып, естен шыққан асылымыздың көне түбірін әрқашан содан тауып аршып алып жатамыз. Дәстүрлі тәрбиенің де алтын тамыры сол фольклорда жатқандығы даусыз.

Бүгінде «фольклор» термині халықаралық көлемде өзінің бір кездегі «халық ауыз

әдебиеті» деген ұғым шеңберін ұлғайтып, халық өнерінің музыка, қолданбалы өнер, халық ойындары сияқты салаларын да толық қамтитын кең өріске ие болып отыр. Оның тәрбиелік рөлін де осы кең мағынасында қарастырған жөн. Халық мұрасының танымдық, тәрбиелік мәні – шексіз, шектеусіз терең дүние. Ол – тұтастай алғанда жас ұрпақ үшін ғана емес, адам өмірінің барлық кезеңі үшін мәнді, адамзаттың рухани-эстетикалық қуатының қайнары. Оның ішінде тікелей бала тәрбиесіне бағышталған, сәбидің жан дүниесінің қалыптасуына, рухани марқаюына негізгі ұйытқы болатын шығармалар өзінше арна түзеді. Мұны фольклор ілімінде «балалар фольклоры» деп атау қалыптасқан.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында талдау, салыстыру, жүйелеу әдістері қолданылды.

Талқылау

Жалпы, бұған дейінгі ғылыми еңбектерімізде қазақ фольклорының аңыздық және ертегілік түрлері зерттеу нысанына алынып, ондағы түлкі бейнесінің көркемдік сипаты, эстетикалық мәні, танымдық болмысы және де гираттық функциясы қарастырылған болатын. Әлемдік дәстүрде көрінетін түлкі бейнесінің сипаты сараланып, қазақ халық әдебиетіне тән фольклорлық бейне ретіндегі ерекшеліктері талданған. Ал, бұл ғылыми ізденісіміз қазақ халық әдебиетінің балаларға арналған жанрлық туындыларындағы түлкі жануарының көркем бейне ретінде бой көтеруі мен шығарманың бейнелілік сипатын берудегі орнын бағамдауға бағытталып отыр. Себебі фольклортанушы Халел Досмұхамедұлы: «Қасқыр, барыс, шибөрі, жолбарыс, арыстан, қабан, аю және басқа көптеген аңдардың халық әдебиетіндегі орны ерекше, әйтсе де төрт түліктің қас жауы – қасқыр мен түлкі бейнелері қазақ танымында ерекше дараланады. Неміс әдебиеті болмаса (*Рейнеке – лис*), өзге ел әдебиетінен қазақы түлкі бейнесіндей түлкінің сомдалған бейнесін кездестіре алмайсыз» [1, 217] - деген болатын.

Балалар фольклоры – балалар психологиясын, көркемдік талғамын, шығармашылық мүмкіндіктерін танытатын халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы. Ол өзінің бала қабілетіне лайықтылығымен, логикалық жүйелігімен, тілінің нәрлілігімен, ақ пен қараның жігін айқын ажыратқан тәрбиелік маңыздылығымен, эстетикалық талғамдылығымен бағалы. Жалпы, «халықтың көкейтесті ой-арманын, тілегін бейнелеген, оның рухани және эстетикалық қажеттеріне сай келген ежелгі қазақ поэзиясы бізге өзінің білімдік, танымдық, эстетикалық қасиеттері мол мәңгі өшпес үлгілерімен де, поэзияны дамытудың сарқылмас қайнар бұлағы ретінде қызмет етіп келгендігімен және қызмет етіп отырғандығымен де қымбат», - дейді ғалым М.Қаратев [2,13]. Балалар фольклоры өзінің поэзиялық әрі прозалық түрімен терең танымдық қызмет атқарса, оның тәрбиелік функциясы да аса қарқынды күшке ие. Соның ішінде бала тәрбиесі – балалар фольклорының басты нысанасы. «Әрбір ұлттың бала тәрбия қылу туралы жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиясы баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбияшы, сөз жоқ, ұлт тәрбиясымен таныс болуға тиісті. Және әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбияшы баланы сол ұлт тәрбиясымен тәрбия қылуға міндетті» [3,13]. Ұлы Мағжан ақын бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін дәріптейді. Өйткені «адам ұрпағымен мың жасайды» дейді қазақ мәтелі.

Балалар фольклорында орын алатын бесік жырының маңызы өте ерекше екені сөзсіз. Қазақ халқы бесік жырын «әлди» деп атайды. Әлдилеу – тербету немесе баланы

алдына алып бір қалыптағы ырғау деген ұғымды білдіреді. «Әлди-әлди» – орыстардағы «баю бай», өзбектердегі «алла алла», татарлардағы «әлди бәлли» сияқты қазақ бесік жырындағы тұрақты қайырма. Бесік жырларында дүниеге келген жас нәрестенің болашағын ойлап, қолдан келер мүмкіндіктерін соның жолына бағыштауға тырысады. Бесік жырында айтылатын тілек, ақыл өсиеттерден халық нені көксегендігі көрінеді.

Баланы жақсы көру, еркелету, айналып-толғануға байланысты айтылатын не түрлі балама, теңеулер табиғатынан қазақы тұрмыстың иісі аңқып тұрады. «Қозы жүнді көрпешім», «Қойдың жүні қалпағым», «Әлди-әлди тайлағым, өрістегі шандағым», «Құлынтайым», «Серке балам», «Ботақаным, боташым» секілді айшықты сөздер – бесік жырының негізін құрап, сәбиге арналатын негізгі еркелету тіркестері. Өйткені халық төрт түліктің қадірі мен қасиетін бағалап, байлық көзі еткен. Әр малдың піріне бас иіп, ерекше сүйіспеншілікпен қараған. Сондықтан қазақ халқы баланы жұбатса да, ойнатса да, еркелетіп сүйсе де оның жақсы қасиеттеріне немесе көркем тұлғасы мен көрінісіне теңеп айтатын болған. Сонымен қатар төрт түлік малмен қатар өзге жан-жануралардың да өзіне тән қадір-қасиетін танып, «әлди» жырларына қосып, сәби бойына сіңіруді ниет еткен. Яғни «төрт түліктің еті мен сүтін тамақ, жүні мен терісін киім етіп, ен табиғатты кең жайлап, аңшылық, саятшылық құрған өмірден туған өрнектер» бесік жырының ұйытқысы болмақ.

Әлди, әлди бөбегім,
 Жұбанбайтын не дедім?
 Бөбегімді емізіп,
 Бесігіне бөледім.
 Әлди, әлди бөбегім-ау!
 Әлди, әлди апшағым,
 Қойдың жүні қалпағым.
 Түлкі жортпас түлейден,
 Жол салдырған қарсағым,
 Әлди, әлди бөбегім-ау
 Әлди, әлди, әлди-ақ,
 Ер жеткенде жылқы бақ.
 Үлкен таудан түлкі қақ,
 Тәңір берсін басқа бақ,
 Әлди, әлди, бөбегім-ау! [2, 204].
 ...Маң төбеттей ұйқылы бол,
 Түлкінің баласындай күлкілі бол. [2, 129].

Мінекей, бөбекті жұбатудағы ананың аялы сөздері жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Олардың ерекшеліктерін ескере отырып, балаға теңеу етіп, айналып толғанады. Осындай балама-теңеу қатарында түлкі хайуанатының орын тебуі өзіндік маңызға ие. «Түлкінің баласындай сүйкімді бол» деп баласына тілек білдірудің қыры мен сыры өзгеше. Өйткені түлкінің сыртқы келбетінің көз тартарлық қасиеті бар. Сымбатты тұлғасы мен бағалы терісі өзге жануарлардан ерекше етіп, сылқым да кербез сұлудай болмысы мен паң жүріс-тұрысы оның халық әдебиеті үлгілерінде «түлкі бикеш» атануын айғақтайды. Сондықтан жан-жануар төлдеріне ықылас білдіріп, кішкентай сәбилерін «құлыным», «қошақаным», «ботақаным» деп еркелеткен ел түлкі баласының айрықша сүйкімділігі мен тартымдылығына бас иіп, балаға арналған тілекке арқау еткен.

Бала тәрбиесінде ойып орын алатын және балалар фольклорының қалыптасуына ықпал ететін халық туындыларының бірі – қызықтамалар. Қызықтамалар (прибаутки) негізінен белгілі сюжетке құрылып, өлеңдік баяндау түрінде жырланады. Ол тақпақтардан, сұрамақтардан көлемдірек болып келеді және өлең құрылысы одан ерек, танымдық,

ғибраттық астарында жеңіл әзіл, юмор астарласып жатады. Өлең белгілі бір сюжетке құрылып, шағын ертегіге ұқсайды да, сұрақ арқылы басталып, бірден-бірге өрби дамып, бала ойын «одан әрі» не болар екен дегендей қызықтыра тартып отырады. К.Ісләмжанұлы: «Бала үшін өлеңде негізінен аң-құс, жан-жануарлардың адамша әрекет етуінің өзі қызық, ол – бала қиялын ұштайтын құрал. Бұл жағынан қызықтамалар тізбекті (кумулятивті) ертегіге жақын келеді» [2,138], - дейді. Бұдан қызықтамалардың түпкі негізінде ертегілермен тамырластығы бар екендігін байқаймыз. Ал қызықтамаларға арқау болатын лирикалық қаһармандардың қатарында түлкі бейнесі де көрінеді. Мәселен:

Түлкі, түлкі, түлкішек,
Түнде қайда барасың?
Апам үйіне барамын.
Апаң саған не берер?
Ешкі сауып не берер?
Лақ сойып бұт берер.
Оны қайда қоясың?
Жалпақ тасқа қоямын.
Ит иіскесе қайтесің?
Бақан ала қуамын.
Былғанып қалса қайтесің?
Ағын суға жуамын.
Ағып кетсе қайтесің?
Пароходпен қуамын.
Жеткізбесе қайтесің?
Жылай, жылай жүремін [2,80].

Қызықтама сюжеті шындықтан алыс қиялға негізделіп, түлкі кейіпкер адам бейнесінде көрініп, адамға лайық іс-әрекет жасайды. «Түлкішек» деп еркелету реңкін қосқан халық бұл аңды бала жанын баурап алу мақсатына негіз етеді.

Өтірік өлең – қазақ халық поэзиясындағы ерекше қызықты, балалар құмарта тыңдап, қызыға жаттап алатын фольклорлық жанр. Өтірік өлеңді бүлдіршіндер ғана емес, үлкендер де сүйсіне тыңдайды, тіпті бүгінгі айтыста да бұл жанр жаңа қырынан танылып жүр. Сол сияқты халық «Тазша баланың қырық өтірігі» жөніндегі ертегіні де ұрпақтан-ұрпаққа қастерлей жеткізіп келеді. Бұл өтірік өлеңнің қазақ фольклорындағы көне де дәстүрлі жанр екендігін көрсетеді.

«Қазақтың ертедегі салты бойынша, ойын-сауық кездерінде айтылатын өлеңнің бір түрі – өтірік өлең, – дей келіп, – нақтылы деректерді мол шеберлікпен үдеген фантастикалық дәрежеге жеткізу, адамның ойына келмейтін «өтірік» әңгімеге айналдыру – қазақ ауыз әдебиетіндегі өтірік өлеңдер түрінің негізгі бір ерекшелігі болып табылады» [4,61] - деп көрсетеді ғалым М.Ғабдуллин.

Әрине, балалар репертуарындағы өтірік өлеңдердің ересектер жырынан айырмашылығы бар. Ең алдымен, үлкендердің өтірік өлеңдеріндегі салмақты әлеуметтік жүк балалар өлеңдерінде байқала бермейді. Олардың құрылысы қарапайым, ұзақ сонар сюжет жоқ. Өлеңдерде шеңдестірілетін заттар, жан-жануарлар да балаларға күнделікті өмірден таныс болып келеді. Өлеңге өзек болатын жануарлар ішінде түлкі бейнесі қандай? Қандай дәрежеде орын алған? Сондай-ақ жөні бөлек жанр – жұмбақтардың да идеялық әрі көркемдік болмысы жан-жануарлар әлемімен тығыз байланысты. Бұл ретте түлкі бейнесінің де өзіндік орны бар екені сөзсіз. Мақаланың алға қойға мақсатына сай мұндай тану-талқылау жұмыстары көптеген дәлел, дәйектермен көмкеріліп, ғылыми тұжырымдардың негізін қалаған зерттеу нәтижелерін төмендегідей түйіндеуге түрткі болды.

Нәтижелер

«Көне бесік жырының ішкі тылсымын қара лашығындағы қазан-ошақ маңайында ұршығын иіре отырып, аяғымен бесік тербеткен шаруа әйелінің тұрмысын көрмей жан дүниенмен жете түсіну мүмкін емес...Сол қолымен шүйке созып, оң қолымен ұршық айналдырады. Өмір сәулесі ошақтағы жалын ұшында сөніп-жанып лыпылдап тұр. Міне, бесік жырының бар ішкі табиғаты осы көріністен нәр алады» [5, 363-364] - деп А.Н.Толстой жазғандай, көне қазақ бесік жырларының да ішкі иірімдерінде бие байлап, қымыз ашытып, қой сауып, құрт қайнатып, май шайқап жүріп көз қыры бесікте болатын, жүн сабап, арқан есіп, өрмек тоқып, тері илей жүріп те бөбегін өбектейтін қазақ әйелінің рухани әлемі сәуле береді. Олай болса, жоғарыда аталған бесік жырының үзіндісінде келтірілген

«Ер жеткенде жылқы бақ.

Үлкен таудан түлкі қақ» - деген тармақтар халық этнографиясы мен тұрмысынан сыр шертеді. Өйткені қазақтың ардақтағаны да, құрметтегені де – жылқы. Мінсе – көлік, сойса – қазы-қарта, сауса – қымыз болған «ер қанаты» атанған асыл түліктің ыстық-суығына төзіп, қадірін білетін ұрпақ тәрбиелеу дәстүрлі бесік жырларында көп жырланады. Ал бүркіт пен тазы сайлап, аңға шығу – қазақы болмыстың бір бөлшегі. Аңшының ептілігі мен тазының алғырлығы, жалпы аңшылықтың биік дәрежесі – түлкі аулаумен өлшенсе керек. Түлкі – бағалы олжа болуымен қатар, аңшының тәжірибелігі мен тіс қаққан шеберлігін талап ететін олжа. Ендеше, бөбек жырында түлкі хайуанының табиғатынан сыр шертіп, сәнді әуезбен бала санасына ұқтырудың мәні тереңде жатыр. Мал бағып, қызмет қылатын, ата дәстүрін жалғастыратын еңбекқор жан – бесік жырындағы басты идеалдың бірі.

Қазақ балалар қызықтамаларының шығу тегінің тым әріде екендігіне оның кейбір үлгілерінің туысқан түркі тектес халықтар жырларынан кезігетіні де дәлел бола алады. Олай болса, «Түлкі, түлкі, түлкішек» өлеңінің өзбекше нұсқасы да фольклордың алтын қорын молайтып, аталмыш аңның фольклор туындыларындағы орнын салмақтайды:

Түлкіча – я. Түкіча,
Түнде қайға барасың?
Момо үйіге борамын.
Момонг санға не деди?
Утин териб ке деди.
Утын тердим үн күчоқ
Кырдан тердим қырқ күчоқ
Момонг уни не қилар?
Нон енди учок –
Элга берди әлек дай,
Келингә берди келидай,
Менга берди тирнадай.
Өтей урдим әшиққа,
Мангайым тегди текшиққа
Уни нема қыламы?
Оққина чүржи алди.
Бутаға бариб тунди... [2,81].

Екі жырдың түп негізі, формалық пішіндерінің бір екендігіне шек келтірмейміз. Өр халықтың тұрмыстық, кәсіптік өзгешеліктеріне байланысты жыр жолдарындағы айырмашылықтар да айқын танылады. Қазақша нұсқасындағы «пароходпен қуамын» тіркесінің соңғы кезеңде жамалғандығы да анық.

Жалпы, фольклорлық жанрларға тән көп нұсқалық (варианттылық)

қызықтамаларда да ерекше байқалады. Бұл өлеңдердің бірнеше нұсқаларын салыстыра отырып, олардың өмір тезінен өткен көпстадиялы сипатын аңғару да қиын емес.

Сондай-ақ атақты фольклортанушы Ә.Диваев «Қазақ халық шығармашылығы» атты еңбегінде Жиделі-Байсын жерін жайлаған лақай елінің этногенезін саралап, фольклорлық мұра аясына талдау жасайды. «Лақай ауыз әдебиетінде ерекше мол кездесетіні – бедала, тақырыптық жағынан тұрмыстық ахуалды дәл көрсететін және сонымен бала тілін жаттықтыратын біздің жаңылтпаш сияқты тақпақтар». Осындай тұжырым жасай отырып, фольклортанушы бедаланың бір нұсқасын келтіреді:

Тулки, тулки туманда
Құйрықлари гуманда,
Тулки қайға барасан?
Мама уйи барамын!
Маманг ниме береді?
Ечки сути береді?
Ечкисининг сути жоқ,
Улағиининг пути жоқ!
Алиб урдим ешикке,

Тахта будди бешикке [5,312]. Зерделеп қарасақ, түркі халықтарының бай мұрасын құруда, халықтық әдебиет үлгілерін жасауда тұлкі бейнесінің тұғыры биік. Ел игілігі бола алатын, адамзат тұрмысы мен тірлігіне етене жақын бола алатын, сондай сабақтастық нәтижесінде әдеби дамуында да көрініс табатын әдеби кейіпкер екендігі сөзсіз.

Жас баланың ұғымына сай, түсінуіне жеңіл, іздегені өз айналасынан табылып отыратындай қызықты да күлкілі етіп айта білу халықтық шығармаларда көп кездеседі. Балаға танымдық әрі эстетикалық тәрбие беруде сол шығармаларға лайықты кейіпкер таңдау – маңызды іс.

Тұлкі – балалар әдебиетінде кеңінен көрініс тапқан кейіпкер. Сондықтан өтірік өлеңдер әлемінде де тұлкі бейнесі өз тұлғасын қалыптастырған. Мәселен, әйгілі этнограф-ғалым В.Радлов фольклорлық зерттеулерге арналған жазбаларында өтірік өлеңнің тамаша үлгісін береді. Өлең өрміңде өзгеше өрнекпен өрілген тұлкі табиғатын танимыз:

...Бөгелектің терісі ер тұрманым,
Қоян мініп мен өзім жау қуамын.
Шегірткенің айғырын ұстап мініп,
Тұра қашқан тұлкіні бұлтартпаймын.
Көлбақаның көнектей сүйегі бар,
Көртшқаннның қырық құлаш үйегі бар,
Өзім барып жерінен алып келдім.
Бір тұлкінің қырық арба сүйегі бар
Өтірік өлең айтайын ердің басы,
Жау қияқтың түбі ердің қасы
Өзім барып жерінен алып келдім,
Бір тұлкінің қырық арба омыртқасын[6,39].

Мінекей, өтірік өлеңге тән ерекшеліктер бала жанын баурап алатын қасиетті үстеп тұр. Сюжет желісіндегі әрекеттер күлкі туғызады. Тұлкі болмысы адам сенгісіз кереғар кейіпте сипатталып, бірде әсіреленіп, бірде кемітіліп, көркемдік тәсілдермен көмкерілген. Фантастикалық бояуға қаныққан тұлкі бейнесі бала қиялын ұштауда, бейнелі ойлауға жетелеуде, ұтқырлыққа, тапқырлыққа тәрбиелеуде аса маңызды рөл атқарады.

Бұл жануардың балалардың сүйікті мұрасында көптеп кездесетініне көз жеткізу үшін төмендегі өлең үлгісіне назар салайық:

Мен көрдім қара шіркей бала қаздай,
 Жүк арттым бес қарсаққа ала жаздай.
 Түлкісін қырдың қызыл жайлаймын деп,
 Қан түсіп аяғыма ала жаздай.
 Тамырға өтірікті қап-қап бердім,
 Найзасын нар қамысқа саптап бердім,
 Жүйрігін тасбақаның ұстап мініп,
 Түлкіге төстен қашқан тап-тап бердім [3, 16].

Иә, жүйрік тазының уысына түсе бермейтін түлкінің адамға «тап беруі» немесе жыртқыш аңның қатарындағы хайуанды «адамның жайлауы» – қиыннан қиыстырылған тапқырлық, ойдың өткірлігі мен логиканың күштілігі болып табылады. Түлкі бейнесі көркем ойдың асқан шебер түрімен сипатталса керек.

Жалпы, өтірік өлеңдер адамның көңіл күйін көтеріп, ойын сергітіп, бір ауық күлдіріп қоюмен қатар, оқушысын арман ағысының зор болашағына қарай ұмтылуға үйретеді. Сөз еткен тақырыптардың бәрінде де адам күлерлік, бой сергітерлік әдемі, жарасымды әзіл-оспақтардың болуымен қатар үлкен ойға шомдыратын, өмір танытарлық құбылыстар да қамтылып отырған. Бұл тұрғыда ақын І.Жансүгіров: «Қазақтың өтірік өлең, өтірік ертегі дегендері расында кенеуі жоқ босқа өтірік емес, өте шеберлікпен, тілдің орамдылығымен өзгеше өңделген сөз...Өтірік өлеңде өмір көп. Әр жануардың...тұрмысқа байланысы бар» [7,152].

Айдадым жылқы қылып отыз түлкі,
 Борсықты ұстап мінсең аттың мүлкі.
 Ішінде топ кісінің жығып кетіп,
 Қылдың ғой, ойбай, қарсақ, мені күлкі [2,42].

Түлкі адам иелігіне өтіп, қолға үйретілген жануар ретінде тамаша суреттеледі. Жылқыдай асыл жануармен салыстыра отырып, түлкі бейнесін биіктеткен халық бала зердесіне ой ұялатқан. Өйткені өтірік өлең жөнсіз қиыстырылған сөздердің ұйқасы ғана емес, онда белгілі бір заңдылық, логика бар. Бала ойын жетелейтін де осы «ақылға сыйымды «өтірік». Соңдықтан да К.Чуковский өтірік өлеңді «смысловая игра» деп атап, оның мәні жөнінде: «Мұндай өлеңдер мен ертегілердің пайдасы айқын: бала әрбір «бұлай еместің» көлеңкесінен оның «дәл солай» екендігін жіті сезінеді, әрбір қалыптан ауытқу баланың қалыпты өмір жөніндегі ұғымын нық орнықтырады және ол өзінің әлемді танудағы бағдарының беріктігіне сене түседі» [2,84], - деп үлкен келелі ой айтады. Яғни өтірік өлеңнің астарындағы күлкі туғызатын жеңіл әзіл, юмор – баланы үлкен рахатқа бөлейтін рухани азық. Және ол күлкі – ойлы күлкі. Бала күлу үшін алдымен күлкінің көлеңкесіндегі шындықты тануы керек. Бала шындық пен өтірікті салыстыра отырып өлеңмен өрілген үшқыр қиялды, тапқырлықты, шеберлікті таниды.

Ән айтса болды торғайды,
 «Досым» деп түлкі қорғайды. [8,47].
 Сірә, өтірік айтып едім, қайда мен,
 Тұрымтайға түлкі алдырдым айламен [8,58].
 Түлкіге бір тойда ән салғызып ем,
 Көрмепті ел одан асқан өнерпазды-ай [8,134].

Осылайша иен даланың жануары фольклор әлемінде орын алып, халықтық ой-арман, қиял бейнесіне айналады. Әсірелеу, бейнелеу, шендестіру секілді көркем-поэтикалық құрал болып, ақындық өнердің өрісін кеңейтеді.

Фольклордың сарқылмас көзінен нәр алған бұл жанр халық ақындары мен балалар жазушыларының шығармашылығында жалғасын тауып дамып келеді.

Допша теуіп кірпіні,
Балалар футбол ойнапты.
Мініп қызыл түлкіні,
Әжеміз той тойлапты [8,34].

Қазіргі өтірік өлеңнің қызық табиғатын «...біздің заманымызда туған өтірік өлеңдер – адам қиялының, арманының өрісін кеңейтетін, қиыннан қиыстырып көп болжаулар жасауға мүмкіндік беретін және ұтымды пікір тудыратын қызықты жанр. Балаларды мәзмейрам етіп, көңіл-күйін өсірумен қатар оларды қиял пырағына мінгізеді» [9,130] - деп Ш. Ахметов жақсы ашып көрсетеді.

Міне, «түлкіге мінген әжеміз» көз алдымызға келіп, өзгеше картина қалыптастырады. Қанат қиялы алысқа самғаған сайын, ондағы бейнелердің де тұғыры биіктейді. Түлкінің әр бейнесі мен суреттелген қимыл-әрекеті ол туралы таным талпынысын үдетіп, зор қызығушылық тудырады.

Адамның эстетикалық идеалы, арманы таусылмақ емес. Өтірік өлең деп жарияланса да, ондағы әңгімеленіп отырған күрделі мәселелер, түптеп келгенде, шындыққа айналуы ғажап емес. Олай болса, «түлкі айдау», «түлкі жайлау», «түлкіге міну» секілді халық фантазиясы ақиқат шындықпен сабақтастық тапса керек.

Әлемдік ғылыми өмір күнделігіне көз жіберсек, қызықты жаңалық жаршысына кез боламыз. 1959 жылы Ресейдегі Цитология және генетика Институтының директоры Д.К.Беляев күміс қара түсті түлкілерді қолға үйрету бойынша көп жылдық тәжірибесін бастаған. Тәжірибе барысында көбейту үшін түлкінің адаммен біршама жақсы қатынастағы ерекше түрлері ғана алынды. Тәжірибе қорытындысында қолға үйретілген күміс қара түлкілердің популяциясы пайда болды. Бұлардың өзге жабайы түлкілерден физиология, морфология және тәртібі жағынан айырмашылығы анықталды. Бірақ тәжірибе нәтижесінде ауыл түлкісі өз кейпін жоғалтқан. Атап айтсақ, құйрығы ішіне қарай бүгіліп, маңдайы шығыңқы түрге еніп, құлақтары өзгерген. Сонымен қатар терісінің сапасы төмендеген. Бұл аталған жобаның экономикалық тиімсіздігіне әкеліп соқты. Популяция жұмысы тек зерттеу мақсатында ғана өз жалғасын тапты [10,167].

Халықтық шығармалар ішінде балалар фольклорынан үлкен орын алатын – жұмбақтар. Жұмбақтар және оның шешімін айту баланың ақыл-есін дамытады, ойын шынықтыра түседі. Ойлауға, ойлаған ісін жүзеге асыруға жаттықтырады.

Әдебиетші С.Сейфуллин: «Жастар бас қосқан жердегі көбірек айтылатын ойынкүлкі сөз – жұмбақ айтысу. Жұмбақ айтысу – хат жаза білмеген көшпелі елдің жастарының, балаларының жас басынан өз әлінше зейіндерін тапқыштыққа үйретіп безейтін, тәрбиелейтін, тілін шеберлейтін сөзді үйлестіріп, ұйқастырып айтуға жаттықтыратын сабақ тәрізді болған. Мал баққан көшпелі елдің жұмбақ айтыса білмейтін жасы болмаған» [11,147] - дейді.

Қазақ жұмбақтарының табиғаты ғалым М.Ғабдуллин еңбегінде де терең сараланған: «Жұмбақтарды адам баласының ой-өрісі, дүниетанымы, білім көлемі ұлғая беруіне көмектесетін, тапқырлыққа, білмегенді білуге, ізденуге ой салатын, соған ұмтылдыратын білімдік, тәрбиелік мәні бар халық шығармасы деп қараймыз» [4,33] - деп ой түйеді.

Олай болса, жануарлар әлемімен етене жақын болып, әдеби дүниесінде жан-жақты жырлаған халық түлкі бейнесін де басты идеалдың біріне айналдырып, осы бір жұмбақ тәрізінде де оған орын сайлаған.

Сылаңдап бір бұраң бел елден қашқан,
Құлығы бар болса да жұрттан асқан.
Жол нұсқап қуғыншыға куә болып,
Қол қойып ақ қағазға мөрін басқан [12,300], - деп айтыскер өз жұмбағын ұсынса, ал

қарсы айтыскердің жауабы шешімнің нысанасына дәл тисе керек.

Түлкіні бұл жұмбағың салады еске,
Жетерлік қулық онда бар емес пе?
Білдірер қайда екенін қуғыншыға
Мөрің – із, ақ қағазың – қар емес пе? [12,300].

Әсем сөздің әрімен түлкі бейнесі тамаша жұмбақталып, поэтикалық тұрғыдан жоғары бағаға ие болары сөзсіз. Метафоралық бейнелеулер арқылы сырлы сымбаты сомдалса, ақыл көкжиегінің кеңдігі де дәл көрініс тапқан.

Академик М.Әуезов қазақтың әдет-ғұрып, салтында, өнерінде жұмбақтың да ерекше орын алғанын айта келіп: «Кейде бүкіл бір ертеке жұмбақтан тұрады. Өңгімелі әсем жыр, дастан атаулының талайының жұмбаққа соғып кететіні болады» [7,91], - деген құнды ой тербейді.

Түлкі бейнесінің жұмбақ боп өріліп, халықтық әдебиетте кең құлаш жаюы келесі үлгілерден де анық көрінеді:

Ылпың-жылпың мінезі,
Барып тұрған қу өзі.
Азығы – тышқан,
Көрсө тазыны,
Зытып пысқан.
Қар үстінде қызыл-ақ,
Құйрығы оның ұзын –ақ [13,162].

(түлкі)

Өзі қу, жүрген жері у-шу [13,162].

(түлкі)

Осылайша, жұмбақ әлеміне түлкінің бүкіл болмыс-бітімін сыйғызған қазақ халқының қызыл тіліне қайран қаласың. Балалардың таным үдерісінде жетекші орын алатын жұмбақтарға арқау болуы да оның бейнелік маңыздылығын арттырады.

Қорытынды

Түлкі бейнесі – жалпы қазақтың тұрмыс-тіршілігін, оның ішінде ата дәстүрі ретінде балаға мирас боп жеткен аңшылық өнердің мәнін дәріштеп, әдеби сахнаға шығарудағы басты бейнедардың бірі. Қазақтың фольклорын зерттеп-зерделеуде Халел Досмұхамедұлының қалдырған қолтаңбасы ерекше. Ғалым қазақ халық әдебиетін классификациялап, жануарлар туралы фольклорлық жанрды ертегілерден бөлек қарастырып, «жануарлар эпосы» деп атайды. Сонымен қатар «Қазақтың тұрмыс-тіршілігі мен кәсіп-шаруашылығы, мәдени дәрежесі табиғатпен және жан-жануарлардың мінез құлқы мен тыныс-тіршілігі туралы аса бай әдебиет жасалған...Қазақ жырларында қасқырдың, түлкінің, есектің ерекше бейнелері бар», [1, 98] - деп пікір айтады.

«Бұдан бұрын жиналып алынған және жарыққа шығарылған материалдарға сарқырап аққан өзен суындай келіп қосылған қазақтың ертектік эпосының этнографиялық материалы... мен мақал-мәтелдері сізге қазақ тұрмысының қыры мен сырын жан-жақты ашып береді... Қазақтың аса бай хайуанаттық эпосы, әсіресе, түлкі туралы эпосы салыстырмалы этнография үшін жемісті материал бола алады» [14, 74]. - деген фольклортанушы Ә.Диваевтың да тұжырымы қазақ фольклорындағы түлкі сипатының жоғары деңгейін бағамдайды. Осындай іргелі ой-пікірлермен қуатталған өзіндік тұжырымдарымыз дала хайуанының халық әдебиетіндегі орнын, оның балаларға арналған жанрлық түрлеріндегі танымдық, моральдық, эстетикалық ерекшелігін айқындау секілді

зерттеудің мақсат-міндеттерінің орындалғанына негіз болады есептейміз.

Жалпы, балалар фольклоры өзінің ерекшелігі, поэтикасы, өмір сүру формалары, өз орындаушылары арқылы этнопедагогикамен тығыз байланысты екенін танытады. Онда «халықтың моральдық танымы, ұлттық болмысы, еңбек және шаруашылық іс-әрекетінің ерекшеліктері анық көрінеді» [15, 410]. Балалар фольклоры адамның толыққанды тұлға болып қалыптасуында және ұлттық танымның орнығуында үлкен рөл атқарады. Өйткені заманауи әлеуметтік-мәдени жағдаяттар, үш тұғырлы тіл және жаһандану жағдайында дүниетанымның ұлттық моделі ерекшеліктерін танып-білу маңызды әрі қажет. Сондықтан балалар фольклорының жанрлық ерекшеліктерін, ондағы көркем бейне мәселесін қарастыру, зерделеу ұлттық салт-дәстүріміздің сақталуы мен дамуының жалпы үдерісінде аса мәнге ие.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұрғали Р. *Әдебиет теориясы*: нұсқалық. Астана: Фолиант, 2003. - 344 б.
2. Исламжанұлы К. Рухани уыз. Алматы: Ана тілі, 1995. – 146 б.
3. Қазақ балалар әдебиетінің хрестоматиясы. Құрастырған Ш. Ахметов. 2-ші бас.- Алматы. : Мектеп, 1980. – 358 б.
4. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1974. – 318 б.
5. Диваев. Ә. Қазақ халық шығармашылығы. Астана: Алтын кітап, 2007. — 347 б.
6. Радлов В. Алтын сандық. Алматы: Ана тілі, 1993. – 256 б.
7. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 239 б.
8. Балалар фольклоры. Бесік жыры. Өтірік өлеңдер. Мазактамалар. Жаңылтпаштар. Санамақтар / Құраст. Л. А. Сейітова. - Көкшетау : Келешек-2030, 2008. - 232 б.
9. Ахметов Ш. *Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі*. Алматы: Мектеп, 1965. – 304 б.
10. История одного экспоната. Лиса совхозная [Электрон. ресурс] – 2007. – URL: <https://www.vokrugsveta.ru/vs/article/5964/> (Қаралған күні 4.06.2021)
11. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. Шығармалар. 6-том. Алматы: Ғылым, 1964. – 495 б.
12. Алтын абдыра. Қазақ балалар ауыз әдебиеті / Құраст. О.Асқар. – Алматы: Балауса, 2007. – 469 б.
13. Смақов Ж. *Жаңғырық*. Алматы: Жазушы, 1976. – 180 б.
14. Қазақ фольклористикасы. Жалпы ред. бас. М. Ғабдуллин. – Алматы: Ғылым, 1973. – 299 б.
15. Бадмацыренова Ц. Б. Детский фольклор бурят: жанрово-тематическое своеобразие: автореферат дис. кандидата филологических наук: 10.01.09. / Бурят. гос. ун-т. – Улан-Удэ, 2005. – 22 с.

G.S. Sagynadin

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Children's folklore and artistic image

Abstract. Since the creation of mankind, he strove to know the environment from the point of view of self-awareness, to study the world around him, to analyze nature and its various phenomena. Thanks to many years of experience and observations, he not only knew all the animals around him, but also created many myths, legends, fantastic stories, poems and fairy tales about them. The essence of such folk works in the transformation of national values lies in the complexity of the images represented by the content of each genre. The system of artistic images,

underlying the origin and formation of children's folklore, is of high relevance, which requires deep knowledge and scientific analysis.

The image is the main tool that reveals the thematic nature of the work and conveys its ideological unity. Thus, the fox is one of the animals known in folklore for its unique nature, which has become the core of folk literature and has become an ideological, aesthetic and artistic image. Therefore, the main goal of this article is to show the ideological and aesthetic role of the fox image in the development and prosperity of children's folklore, including lullabies and youthful poetry. In the course of the study, the level of visualization of the fox's image was analyzed by analyzing various genres of children's folklore. The similarities and differences of the fox in nature and the artistic image in folklore have been studied in detail. Guided by the theoretical conclusions of folklorists, the didactic and aesthetic functions in the genre of children's songs and jokes, fables, riddles were discussed. Savvy, intelligence, grace, etc. foxes defined her role in folklore as an artistic image. It has become a powerful force influencing the thinking and consciousness of children, education and worldview, as well as a figurative tool for the development of the mind, consciousness and worldview of a child.

Keywords: children's folklore, nurturing songs, lullabies, the image of a fox, imagery.

Г.С. Сағынадин

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Детский фольклор и художественный образ

Аннотация. С момента создания человечества он стремился познать окружающую среду с точки зрения самосознания, изучать окружающий мир, анализировать природу и различные ее явления. Благодаря многолетнему опыту и наблюдениям он не только знал всех животных вокруг себя, но и создал множество мифов, легенд, фантастических историй, стихов и сказок о них. Суть таких народных произведений в трансформации национальных ценностей заключается в сложности образов, представленных содержанием каждого жанра. Система художественных образов, положенная в основу зарождения и формирования детского фольклора, имеет высокую актуальность, что требует глубоких знаний и научного анализа.

Бейне - главный инструмент, раскрывающий тематический характер произведения и передающий его идейное единство. Таким образом, лисица - одно из животных, известных в фольклоре своей уникальной природой, ставшее стержнем народной литературы и ставшим идейным, эстетическим и художественным образом. Поэтому основная цель данной статьи – показать идейно-эстетическую роль бейне лисицы в развитии и процветании детского фольклора, в том числе песен пестования (пестушек) и юношеской поэзии. В ходе исследования был проанализирован уровень наглядности образа лисы путем анализа различных жанров детского фольклора. Подробно изучены сходства и различия лисы в природе и художественного образа в фольклоре. Руководствуясь теоретическими выводами фольклористов, обсуждались дидактические и эстетические функции в жанре детских песен и прибауток, небылиц, загадок. Смекалка, ум, грация и т.п. лисы определили ее роль в фольклоре как художественный образ. Он стал мощной силой, влияющей на мышление и сознание детей, воспитание и мировоззрение, а также образным инструментом для развития ума, сознания и мировоззрения ребенка.

Ключевые слова: детский фольклор, песни пестования (пестушки), колыбельные песни, образ лисы, образность.

References

1. Nurgali R. Adebiet teoriyası [Literary theory] (Foliant, Almaty, 2003. 344 p.) [in Kazakh]
2. Islamzhanuly K. Rukhani uyz [Spiritual union] (Ana tili, Almaty, 1995. 146 p.) [in Kazakh]
3. Kazak balalar adebietinin khrestomatiyası [Chrestomathy of Kazakh children's literature] (Mektep, Almaty, 1980. 358 p.) [in Kazakh]
4. Gabdullin M. Kazak khalkynyn auyz adebieti [Oral literature of the Kazakh people] (Mektep, Almaty, 1974. 318 p.) [in Kazakh]
5. Divaev. A. Kazak khalyk shygarmashylygy [Kazak folk poetry] (Altyn kitap, Astana, 2007. 347 p.) [in Kazakh]
6. Radlov V. Altyn sandyk [Gold box] (Ana tili, Almaty, 1993. 256 p.) [in Kazakh]
7. Auezov M. Adebiet tarikhı [History of literature] (Ana tili, Almaty, 1991. 239 p.) [in Kazakh]
8. Balalar fol'klory. Besik zhyry. Otirik olender. Mazaktamalar. Zhanyltpashtar. Sanamaktar (kurastyrgan L. A. Seyitova) [Children's folklore. Lullaby. False poems. Jokes. Tongue-twister. Counts] (Compiled by L. A. Seyitova) (Keleshek-2030, Kokshetau, 2008. 232 p.) [in Kazakh]
9. Akhmetov Sh. Kazak balalar adebieti tarikhynyn ocherki [Essay on the history of Kazakh children's literature] (Mektep, Almaty, 1965. 304 p.) [in Kazakh]
10. Istoriya odnogo ekspozitsionnogo kompleksa. Lisa sovkhoznaya [History of one exhibit. State farm fox] 2007. Available at: <https://www.vokrugsveta.ru/vs/article/5964/> (Accessed: 4.06.2021) [in Russian]
11. Seyfullin S. Kazak adebieti (Kit.: S.Seyfullin. Shygarmalar) [Kazakh literature] (Book: S. Seifullin. Works) Vol. 6. (Gylym, Almaty, 1964. 495 p.) [in Kazakh]
12. Altyn abdyra. Kazak balalar auyz adebieti (kurastyrgan: O. Askar) [Gold rush. Kazakh children's oral literature] (Compiled by O. Askar) (Balasa, Almaty, 2007. 469 p.) [in Kazakh]
13. Smakov Zh. Zhangyryk [Echo] (Zhazushy, Almaty, 1976. 180 p.) [in Kazakh]
14. Kazak fol'kloristikasy (Zhalpy red. bas. M. Gabdullin) [Kazakh folklore science] (The general editor was headed by M. Gabdullin) (Gylym, Almaty, 1973. 299 p.) [in Kazakh]
15. Badmatsyrenova Ts. B. Detskiy fol'klor buryat: zhanrovo-tematicheskoe svoeobrazie: avtoreferat dis... kandidata filologicheskikh nauk [Children's folklore of the Buryats: genre and thematic originality: abstract of Candidate of Philological Sciences thesis]. 10.01.09. Buryat. State Un-ty. Ulan-Ude, 2005. P. 22.

Автор туралы мәлімет

Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы – PhD, қазақ әдебиеті кафедрасының доцент м.а., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Sagynadin Gulnaz Sagynadinkyzy – PhD, Associate Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Б.Т. Нұримаң

Анкара Хажы Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
(E-mail: bekarysnuriman@gmail.com)

Әлемдік фольклортанудағы «перфоманс» (performance) теориясы және оның түркі фольклорындағы көрінісі*

Аңдатпа. XX ғасыр басынан бері фольклорлық мәтінді талдауға қатысты әртүрлі көзқарас қалыптасып, зерттеудің де түрлі әдісі ұсынылды. Солардың бірі ретінде «Перфоманс» (Performance) теориясы 1970 жылдан бері әлемнің фольклортанушы ғалымдары арасында кеңінен талқылап келе жатыр. «Перфоманс» сөзі термин ретінде сахнада немесе көпшілік алдында орындалған фольклорлық туындыға қатысты қолданылады. Халық ауыз әдебиеті зерттеулерінде әуелде тың пікірлер айтылғанымен оларды кешенді түрде саралап, теория ретінде ғылыми ортаға ұсынған Америка ғалымы Дан Бен-Амос болатын. Ол фольклорлық мәтінге оны айтушының кәсіби шеберлігі, орындаған сәтіндегі шабыты және тыңдарманның қошеметі тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Сондықтан, фольклорлық мәтінді айтушысымен және тыңдарманымен бірге, яғни айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі аясында зерделеуді ұсынады. Бұл теория 1970 жылдан бері Америкада, Түркияда және Еуропа елдерінде ғылыми зерттеулермен қатар, білім беру бағдарламаларында қолданылып келеді. Мұндай мазмұндағы зерттеулер қазақ фольклортануында болғанымен әлемдік үдеріспен байланыстың тығыз еместігі байқалады. Қазақ фольклоры бүгінгі жаңа гуманитарлық білім аясында әлемдік тәжірибеге сай жаңаша саралауды қажет етеді. Сондықтан, мақалада «Перфоманс» теориясы талдана отырып, қазақ фольклорымен байланысы зерделенеді. Халық ауыз әдебиетінің түрі – айтыс пен жырышылық дәстүрден мысал келтіріліп, теорияның түркі фольклорындағы орны көрсетіледі.

Кілт сөздер: перфоманс, фольклорлық мәтін, айтушы, тыңдарман, айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі.

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-135-143

*Ғылыми мақала 2020-2022 жылдарға арналған ғылыми жобалар бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бойынша АР08053219 «Түркі фольклорын жаңа гуманитарлық білім аясында зерттеу» жобасын іске асыру аясында дайындалды.

Кіріспе

Филология ғылымы саласындағы зерттеулер мәтінмен, оның ішінде көркем шығарма мәтінімен тығыз байланысты. Бүгінге дейін пайда болған теориялар мен зерттеу әдістері сол мәтінді танудан туып отыр. Осы бағыттағы ізденістер барысында әлемдік ғылымда 1970 жылы «Перфоманс» (Performance) теориясы пайда болды. Бұл жазба әдебиетті емес, фольклорлық мәтінді зерттеудегі жаңа көзқарастың бірі. Онда халық ауыз әдебиеті мәтіні айтушысымен және тыңдарманымен бірге, яғни айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі кешенді түрде қарастырылады. Әуелде Америкада пайда болғанымен, бұл тақырып кейін Еуропа елдері мен Түркия ғалымдары тарапынан қызу талқыға түсті. Бүгінде «Перфоманс» теориясы аталған елдерде зерттеулермен қатар, білім беру бағдарламаларында кеңінен қолданылады. Осы тұста, қазақ ғылымында мұндай

мазмұндағы зерттеулер аталмыш көзқарас пайда болған 1970 жылға дейін де, одан кейін де жан-жақты жүргізілгенін айта кеткен жөн. Алайда, «Перфоманс» теориясы мен оны зерттеушілердің еңбегі назардан тыс қалып қойғаны да жасырын емес. Дәл сол сияқты қазақ ғалымдарының да еңбегі өзге елдегілерге жетпеді. Ал, қазақ фольклорымен байланысты «Перфоманс» теориясы аясындағы алғашқы зерттеулер Түркияда түрік тілінде жарық көрді. Сол себепті де оның қазақ тілді аудиторияға толық жетпегені және білім беру мазмұнына да еңбегені байқалады. Соңдықтан, бұл тақырып жаңа гуманитарлық білім аясында қазақ тілінде талқылауды қажет етеді. Оның үстіне, бүгінде әлемдік ғылымнан тыс қалу немесе онымен байланыссыз даму мүмкін емес екенін ескерсек, «Перфоманс» теориясы қазақ фольклортануы үшін маңызды болмақ.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада әлемдік фольклортану ғылымындағы «Перфоманс» теориясы мен соған қатысты жарияланған ғылыми материалдар негізге алынады. Зерттеу нысанының тағы бірі – тақырыпқа қатысты Түркия ғалымдарының ғылыми еңбегі. Сонымен қатар, Қазақстан зерттеушілерінің фольклорлық мәтінді талдаудағы және «Перфоманс» теориясы аясындағы зерттеу жұмыстары.

Бүгінге дейін қазақ фольклорын зерттеушілер фольклорлық мәтіндерді әр түрлі теория шеңберінде, әр түрлі әдіспен әр қырынан талдап келе жатыр. Бұл мақалада әлем фольклортануына белгілі «перфоманс» теориясының негізгі мәселелері қарастырылады. Ондағы айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі жеке-жеке талданып, оның қазақ фольклортануына қатысы зерделенеді.

Әдебиеттерге шолу

«Перфоманс» теориясы 1970 жылдан бері әлемдік ғалымдар тарапынан қызу талқыланып келеді. Теория ретінде ең алғаш Америка ғалымы Дан Бен-Амос (Dan Ben-Amos) еңбегінде көтеріледі [1, 74-87]. Дегенмен, ондағы мәселелер 1935 жылға дейін Милман Пэрри (Milman Parry) зерттеулерінде, 1960 жылы Алберт Лордтың (Albert V. Lord) «The Singer of Tales», 1964 жылы Алан Дундестің (Alan Dundes) «Text, Texture and Context» атты мақаласында да айтылады [2, 130]. Ғалым Даннан кейін бұл тақырыпты фольклортанушы Уилям Баском (William Bascom), Бауман Ричард (Bauman Richard), Дебора Капчан (Deborah A. Kapchan), Элизабет Файн (Elizabeth C. Fine) және т.б. ғалымдар тереңірек зерттей түсті. Нәтижесінде бүгінге дейін әр елдің фольклоры «Перфоманс» теориясы аясында жаңаша пайымдалуда. Бұлардың қатарында Түркияның Өжал Оғуз (Öcal Oğuz), Метин Екижи (Ekiçi, Metin), Өзкүл Чобаноғлу (Özkul Çobanoğlu), Мұстафа Арслан (Mustafa Arslan), Милай Көктүрік (Milay Köktürk), Рухи Ерсой (Ruhi Ersoy), Ердем Өздемір (Erdem Özdemir) сынды ғалымдарын атауға болады. Түрік фольклортану ғылымында 90-жылдары көтеріліп бастаған бұл тақырып әлі күнге өзектілігін жойған емес. Ғылыми зерттеулерден бөлек, сала мамандарын даярлау барысында арнайы пән ретінде де оқытылады.

«Перфоманс» теория Қазақстан зерттеушілерінен Ләззат Орақова, Жұлдызай Кішкенбаева және Бекарыс Нұриман еңбегінде кездеседі. Мысалы, зерттеуші Л.Орақова айтыскер ақын Қонысбай Әбілов пен Шынболат Ділдебаевтың сөз сайысын айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі аясында қарастырады. Онда ақынның бірі айтқан сәтте екіншісін де, жалпы көпшілікпен бірге тыңдарман қатарына қосып, соған сай айтыс мәтіні зерделенеді [3, 269-280]. Ал, зерттеуші Ж.Кішкенбаева мен Б.Нұриманов еңбегі ковид-19 пандемиясы кезінде ұйымдастырылған онлайн айтыстарға арналады. Онда сөз қағысқан екі ақынның бір-

бірі мен және олардың көрерменмен жүзбе-жүз емес, экран арқылы байланысуы бағамдалып, соның нәтижесінде туған айтыс мәтіні сараланады [4, 98-110]. Бұл екі мақала да түрік тілінде жарық көргенін айта кеткен орынды.

Талқылау

«Performance» сөзі ағылшын тілінен қазақшаға «орындау, атқару» [5, 147] деп аударылады. Сонымен қатар, ол «сахнада сөйлеу» және «спектакль» деген мағынаны да білдіреді [5, 168]. Яғни, термин ретінде фольклортану ғылымы саласында өнерпаздың ел ішінде немесе сахнада бір туындыны орындауына қатысты қолданылады. Америка фольклоры энциклопедиясында «Перфоманс апроуч» (Performance Approach) «орында уәдісі» деп беріледі [6, 1165-1168]. Түрік фольклортануында бұл халықаралық терминге сай «Перформанс» (Performans) және түрікше «Ижра» (İcra) деп, екі нұсқада кездеседі.

«Перфоманс» – өлең, жыр, дастан, ертегі, аңыз, хикая, күй, қойылым және тағы басқа да фольклорлық мұраны кешенді түрде тану мәселесінен туған теорияның бірі. Оның тууына алғаш себеп болғандарды ғалым М.Екижи: «Бұл теориялық және әдіснамалық көзқарастарды көтергендер фольклор саласынан емес, ауыз әдебиеті мұраларын өз саласының зерттеу нысаны немесе дерегі ретінде көрген басқа білім адамдары» [2, 128] деп түсіндіреді. Өзкул Чобаноғлу олардың тіл білімі саласы мамандары екенін айтады [7, 292-293]. Яғни, фольклорлық мәтінді талдау барысында оның айтушысы мен тыңдаушысы назардан тыс қалып қояды да, ол мәтін бойынша пікір айтыла бастайды. Мұның соңы қате тұжырымдарға апарды. Ө.Чобаноғлу аталмыш теорияның тууына әсер еткен келесі бір себепті Б.Малиновскийдің пікірі деп есептейді және оның 1926 жылғы еңбегіндегі «күмәнсіз, мәтін өте маңызды бірақ, контекстсіз мәтін – өлі» [7, 292] деген сөзін келтіреді. Мұндағы, «контекст» – мәтін мен мәтіннің тууына себеп болған айтушы мен тыңдарманды тұтас қамтитын және шығарманың көтерген негізгі тақырыбы мен мазмұны. Демек, бұл жерде де мәтін мен айтушысы және оның тууына себеп болған орта мен жағдаятқа келіп тереледі. Сондықтан, теорияны алғаш ортаға салған ғалым Дан Бен-Амос: «Кәсіби бір өнерпаздың немесе бір туындыны алғаш тудырған өнерпаздың өзіне тән қабілеті, ол өнерпаздың туындыны орындау барысындағы шабыты және тыңдаушының оған көрсеткен қошеметі өнерпаз орындаған ертегі немесе жырдың мәтініне әсер етеді» [1, 75] дейді. Ол айтушы-тыңдарман-мәтін үштігін төмендегідей етіп береді:

1. Жеке тұлға (айтушы, орындаушы, ойыншы)
2. Әлеуметтік орта (тыңдарман, көрермен)
3. Мәтін (айтылған). [2, 130].

Мұндай пікірді ХХ ғасырдың алғашқы жартысында (1932-1936 жж.) ғалым М.Әуезов те айтқан болатын. «Манас» эпосы туралы зерттеуінде ол: «Жазушымен оқырманның бір-бірімен байланысы кітап арқылы ғана. Ал, жыршы мен тыңдаушы әрдайым бетпе-бет отырады. Олардың байланысы әлдеқайда жақын, бір-біріне тигізетін әсері де даусыз. Фольклорлық мәтінді оны тыңдайтын көпшіліксіз және әлеуметтік ортаның көзқарасын, әсерін, көңіл-күйін жеткізетін ақын-жыршысыз елестету мүмкін емес» [8, 85] дейді. Алайда, бұл пікір Америка мен Еуропа ғалымдарының назарына ілікпей, әлем фольклортанушыларының талқысынан шет қалып қойды. Бүгінде оларды салыстыра қарастыру маңызды. Сондықтан, айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі жан-жақты сараланып, қазақ фольклорымен байланысын зерделеу заман талабы болып отыр.

Нәтижелер

1. *Жеке тұлға.* Айтушы (орындаушы, ойыншы) – фольклорлық мәтінді өз ойынан шығарып, жаңадан тудырушы немесе бұрыннан бар мәтінді орындаушы өнерпаз. Сондықтан, ғалымдар зерттеу барысында айтушыға қатысты екі нәрсе ескерілуі керек дегенге тоқтайды. Бірі – өнерпаздың шығармашылық қабілеті, кәсіби деңгейі болса, екіншісі – орындау кезіндегі көңіл-күйі, шабыты.

Орындаушының кәсіби өнерпаз немесе жас талап екені яғни, кәсіби деңгейі маңызды. Өйткені, екеуінің дарыны, шығармашылық қуаты, шығарған фольклорлық өнімі бірдей бола бермейді. Мысалы, қазақтың ақындық өнерін зерттеген ғалым Е.Исмаилов оған қатысты былай дейді:

«Қазақ ақындарының ежелгі салтында жылдам, бөгетсіз, тыңнан өлең шығарып айта білмегенді күшті ақын деп танымаған» [9, 23]. Сондақтын, айтыс өлеңдерін талдағанда сөз қағысқан екі ақынның деңгейі басты назарға алынуға тиіс. Бұл шарт дастан жырлаған жыршы, аңыз-әңгіме, ертегі, хикая сынды туындыларды орындаған өнерпазға да қатысты. Фольклортанушы ғалым Ш.Ибраев еңбегінде 1832 жылы А.Левшиннің мұндай мәселені ескермей, қате қорытынды жасағанын айтады.

«Рас, қазақ арасында ойын-тойда өз жадынан екі-үш ауыз өлең шығарып айтпайтындары кемде-кем болған. Қазақтардың бұл өнерін зерттеуші жақсы түсінген. Бірақ фольклорлық текстердің үнемі өзгеру, қимыл-қозғалыс үстінде болатынын және оның ауызша шығарма үшін заңдылық екенін дұрыс аңғармаған. Оның үстіне көшпелі қоғамдағы жаппай тараған өнердің әлеуметтік мәнін дұрыс бағалай алмаған. Бұл бір. Екіншіден, халқымыз өлең шығарып айтқанның бәрін ақын, жырау деп санамаған ғой. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» демекші, ел арасында даңқы жайылып, ерен өнерімен көпшілікті тәнті қылғандары ғана осындай атақты иелене алады» [10, 42]. Мұнда, А.Левшиннің айтушының кәсіби деңгейін ескермегені байқалады. Ғалым Ш.Ибраевтың бұл еңбегінде «перфоманс» теориясы туралы айтылмаса да, фольклорлық мәтінді талдауда А.Левшин тарапынан кеткен қателіктер нақты көрсетіледі.

Айтушыға қатысты екінші талап бойынша, оның шығарманы орындап жатқан сәттегі көңіл күйі яғни, ерекше шабытпен немесе сүлесоқ орындағаны ескерілуі керек. Өйткені, айтушының шабытпен не шабытсыз орындауы фольклорлық мәтінге тікелей әсер етеді. Қазақтың ақындық өнеріндегі шабыттың маңызын талдаған ғалым Е.Исмаилов ақындардың көзбен көрген нәрседан ерекше әсер алатынын жеткізеді.

«Ақын өмірдегі құбылысты, тарихи уақиғаны өзінің ой-өрісі дәрежесінде таныды, ақынның сезінуі, сол сезгенін қабылдауы шапшаң, ол тез көріп, тез әсер ала біледі, алған әсерін ұғып есіне сақтауы да күшті, тұрақты. Ақын естігеннен гөрі, көз көргенін тез сезіп, жылдам жырлап кетеді. Міне, осыдан келіп ақындағы импровизаторлық дәстүр дамиды, қалыптасады. Әртүрлі тақырыпқа бөгелместен қолма-қол жыр айту жүйрік ақынның бір белгісі» [9, 22-23].

Бұл ақын туралы болғанымен фольклорлық мұраны жеткізуші әрбір өнерпазға да қатысты мәселе. Демек, мейлі кәсіби өнерпаз болсын, мейлі үйренуші жас талап болсын, оған шабыттың ететін әсері мол. Ал, өнерпаздың шабытын оятатын – көрермен. Сол шабыттың әсерінен бір өнерпаз бір дастанды әртүрлі ортада тіпті, бір ортаның өзінде түрліше орындап жатады.

2. *Әлеуметтік орта.* «Перфоманс» теориясы бойынша көрермен немесе тыңдарман – әлеуметтік орта болып есептеледі. Зерттеуші кез-келген фольклорлық мәтінді талдау кезінде оның қандай ортада орындалғанын басты назарда ұстауға тиіс. Аталған теорияны зерттеген Америка ғалымы Д.Капчан Мороккода өткен фестивальдегі «Халық театры» қойған қойылымнан мысал келтіреді. Онда өнерпаздардың халықтың қошеметінесай айтар сөзін суырып салғанын, нәтижесінде әлеуметтік ортаның мәтінге әсер ететінін айтады [11,

485].

Мұндай жағдай қазақ фольклорында әсіресе, ақындар айтысы, жыршылық сынды дәстүрлі өнерде жиі кездеседі. Өйткені, айтушы көрерменмен тікелей байланыс орната отырып, оларға қарата жыр арнайды. Тыңдаушы мен орындаушының арақатынасы туралы жазған жыршы әрі зерттеуші Б.Жүсіпов оны былай деп түсіндіреді:

«Жыршы жыр айту барысында белгілі бір текті адамдарды ұлықтайды. Оның бұл игі ниетіне риза болған тыңдарман жыршыға асыл бұйымдар мен мал атайды. Жыршыны көтермелеп «әй, пәлі!» деп ризалығын білдіріп отыратын көтермешілер топ ішінен сараланып шығады. Мұндай сәттерді жыршы да қалт жібермеуге тырысады» [12, 219].

Тыңдарманның өнерпазды сөзбен ғана емес, бағалы сыйлық беріп, қошеметтейтін кездері болады. Бұл әлеуметтік ортаның өнер иесін ерекше ықыласпен қабылдағанының көрінісі. Ғалым Б.Жүсіпов зерттеуінің жалғасында ондай сыйдың жырға арқау болғанын дәлелдеу үшін Сыр бойылық Дүр Оңғар Дырқайұлының мына жыры беріледі.

«... Жақсы жырау емеспін,
Өлеңін пұлдап ақы алған.
Жаман жырау емеспін,
Таусылып сөзі тақалған.
Келеке еткен жандарға,
Кем тимейт сөзім бақаннан.
«Ой, пәлі» деген сөздерің,
Кем емес ат пен шапаннан» [12, 219].

Демек, ерекше қошемет көрсетілген және сый-сияпат жасалған ортада кәсіби өнерпаздың шығармашылық қыры ашыла түседі. Керісінше, ондай қошемет болмаса немесе айтушы өзін еркін сезінбеген орта болса, шығарма өз деңгейінде орындалмай қалуы мүмкін. Қазақ ауыз әдебиетін зерттеген ғалым Е.Тұрсынов оны жасаушылардың байырғы өкілдері ретінде жыраулар мен жыршыларға тоқталады. Олардың қызметін талдай келе, батырлар жырын орындаудың көп халықтарда киелі мәнге ие екенін жазады [13, 170]. Демек, осы аталған жайттар фольклорлық мәтінге, оның көркемдік ерекшелігі, сюжеттік желісі және жалпы мазмұнына әсерін тигізбей қоймайды.

3. *Мәтін*. Фольклортану ғылымында, мәтін – фольклор өнімі. Сондықтан, ол өнімнің кімнен, қалай, қайда, қашан, қандай жағдайда шыққаны және оны жазып алған кісі туралы мәліметтің болуы маңызды. Фольклорлық мәтінге сүйеніп белгілі бір халықтың фольклорына баға берерде бұлардың барлығы ескерілуі керек.

Ақындар айтысы сынды өнер болса, онда өлеңнің табан асты суырып салып айтылатыны белгілі. Онда әлеуметтік орта мен сол сәттегі болып жатқан жағдаят көрініс тауып жатады. Бұл Түркия зерттеушісі Өздәмир Эрдәмнің түрік ашықтарының (ақындарының) айтысы мен суырып салма өнерін қарастырған еңбегінде де қамтылады [14, 1357-1366]. «Перфоманс» теориясын талқылаған сәтте әлем фольклортанушыларының назар аударғаны – дастан секілді көлемді эпикалық шығарманы мәтінінің өзгеріп не өзгермеуі. Бір сөзбен айтқанда, ғалымдар айтушының ұзақ туындыны толық жаттап, оны ұмытпай айтып шығуына немесе орындаушының қабілеті мен әлеуметтік ортаның әсеріне сай мәтіннің өзгеріске ұшырауына ерекше мән береді. Ғалым М.Екижи еңбегінде осы мәселеге көз жеткізу үшін 1930 жылы ғалым Милман Перри мен шәкірті Алберт Лордтың қазақ даласына келгісі келгені, алайда, саяси жағдайларға байланысты келе алмағаны айтылады. Дегенмен, олар Югославияға барып, Босна жыршыларынан көптеген дастанды жазып алады [2, 126-127]. Нәтижесінде эпос мәтінінің өзгеріп отыратынына көз жеткізеді. Оған туындының «нұсқасы» (варианты) деп баға берілді. Түрік фольклортанушы ғалымы Өжал Оғуз: «15 ғасырда Шығыс Анадолы мен Әзербайжан аумағында хатқа түскен «Қорқыт Ата кітабында» кездесетін «Қам

Бөрі ұлы Бамсы Бәйрек бойы» бүгінгі түркі әлемінде «Алпамыш», «Алып Манас», «Бозоғлан» және «Бей Бәйрек пен Аққабак қызы» деп таралуда. Бұлардың қайсысы түпнұсқа, қайсысы вариант» [15, 6] деп, мәселе көтере келе, олардың әрбірін әр аймақта орындалған нұсқа деген тұжырымға келеді. Кейде бір жыршының өзі бір эпосты әртүрлі орындаған жағдайлар кездеседі. Мысалы, ғалым Б.Жүсіпов зерттеуінде Жақсылық Елеусінов есімді жыршының «Бегей» атты жырды үш нұсқада орындағанын келтіреді. Оған қатысты: «біз қарастырып отырған «Бегей» нұсқаларының ерекшелігі сонда, олар бізге бір ғана жыршының – Жақсылық Елеусіновтің айтуында ғана жетіп отыр. Десе де Жақсылық жырлаған үш жырды, түптеп келгенде, бір жырдың үш нұсқасы (деуден) бұрын, бір жырдың бір жыршы айтқан үш түрі (версиясы) дегеніміз дұрыс сияқты. Өйткені, үшеуінің арасындағы сюжеттік-фабулалық үлкен айырмашылықтар осындай ой түюге жетелейді» [16, 168] деп қорытынды жасайды.

Бір жыршының бір жырды үш түрлі орындауы ғалым Дан Бен-Амос айтқан «перфоманс» теориясы аясында қарастыратын болсақ, айтушының жырды орындау сәтіндегі шабыты мен оны тамашалаған тыңдарманға байланысты. Бұған қатысты М.Аслан мен М.Көктүрік: «Фольклор өнімінің әрбір орындалған түрін «жаңадан пайда болған» деп емес, «мәдени тұрғыда жаңаша түрлену» деп қабылдау ақылға қонымды» [17, 19] деп пікір білдіреді. Яғни, нұсқа (вариант) немесе түрді жаңадан пайда болған туынды деп емес, бір туындының түрленуі деп біледі. Демек, нұсқаның көп болуының бір себебі – шығарманың халық арасында кең тарауы болса, екіншіден, орындаушының кәсіби шеберлігі мен шығарма орындалған әлеуметтік ортаның әсері. Осы айтылғандардың мәтінге тікелей әсер ететінін зерттеу барысында басты назарда ұстау маңызды.

Қорытынды

Мақалада әлемдік фольклортану ғылымы саласында 1970 жылдан бері қызу талқыланып келе жатқан «Перфоманс» теориясы қарастырылды. Ондағы фольклорлық мәтінді талдауда ескерілуі керек айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі ғалым Дан Бен-Амос еңбегінде кешенді түрде айтылғаны себепті теория соның атымен тығыз байланысты. Әйтпесе, ондағы негізгі мәселелер оған дейін 1926 жылы Б.Малиновский, 1935 жылға дейін Милман Пэрри, 1936 жылы М.Әуезов, 1960жылы Алберт Лорд, 1964 жылы Алан Дундес сынды ғалымдардың еңбегінде көтерілгені белгілі болды. Осы тұста, кеңес үкіметі мен әлем ғалымдарының арасында тығыз ғылыми қарым-қатынастың болмағаны байқалады. Нәтижесінде ортақ тақырыптар бір-бірімен байланыссыз талқыланды.

Зерттеу нәтижесіне қарағанда «перфоманс» теориясының мақсаты – фольклорлық мәтінді айтушы-тыңдарман-мәтін үштігі аясында жақ-жақты қарастыру. Үшеуінің бір-біріне әсерін ескеру, сол арқылы қорытынды жасау маңызды. Ғалымдар мұның бірі кем болған немесе ескерілмеген жағдайда фольклорлық мәтінге толық баға беру мүмкін емес деген тұжырымға келеді.

Мақалада «перфоманс» теориясы түркі фольклорындағы айтыс және жыршылық дәстүр мысалында ғана талданды. Алдағы уақытта оларды жеке-жеке және фольклордың басқа да түрлері бойынша қарастыру қажет екені даусыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Dan Ben-Amos. Şartlar ve Çevre içinde folklorun bir tanımına doğru. Çev. Metin Ekici // Millî Folklor. Sayı33, Bahar1997. ss. 74-87.
2. Ekici Metin. Halk Bilgisi (Folklor) Derleme ve İnceleme Yöntemleri. 8.Baskı. – Ankara:

Geleneysel Yayıncılık, 2018. – 242.

3. Urakova, Lazzat. Performans Teori'nin Aytılara Uygulanması ve Konusbay'ın Şınbolat'la Yaptığı Aytısta Söyleyici, Genel Dinleyici ve Düzenleme // Bilig, 71, 2014. pp. 269-280.

4. Nurimanov Bekarys, Kishkenbayeva Zhuldyzay. Küresel salgın (covid-19) sürecinde Kazakistan'da âşık atışmaları ve salgınla ilgili şiirlerin incelenmesi // Millî Folklor. Cilt 17. Sayı 129, 2021. ss. 98-110.

5. Нұралиева Н. Қазақша-ағылшынша сөздік. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 230 б.

6. Fine Elizabeth C. Performance Approach / American Folklore An Encyclopedia /Edited by Jan Harold Brunvand. New York & London: Garland Publishing, 1996. – 1650.

7. Çobanoğlu Özkul. Halkbilimi Kuramları ve araştırma yöntemleri tarihine giriş. 11.Baskı. – Ankara: Akçağ, 2020. – 443.

8. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. –Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. – Т.10: Мақалалар, зерттеулер, әңгімелер, очерктер, аудармалар. 1932-1936. – 456 б.

9. Исмаилов Е. Ақындар: (Жамбыл және халық ақындарының шығармашылығы туралы монография). – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 340 б.

10. Ибраев Ш. Түркі эпосының поэтикасы мен типологиясы (қазақ батырлық жырлары негізінде). – Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2012. – 336 б.

11. Karchan Deborah A. Performance // Journal of American Folklore. Vol. 108. No. 430, 1995. pp. 479-508.

12. Жүсіпов Б. Сүлейлер / Монография. – Алматы: Апа-б, 2010. – 232 б.

13. Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы, 1976. – 195 б.

14. Özdemir Erdem. Performans teori, âşık fasılları ve doğaçlama // Rast Müzikoloji Dergisi, Cilt IV, Sayı 3, 2016. ss.1357-1366.

15. Oğuz M.Öcal. Türk dünyası folklorunda yeni yöntem arayışları // Millî Folklor, Sayı33, 1997. ss. 3-8.

16. Жүсіпов Б.М. Эпикалық жыршылық дәстүр: репродуктив-туындатпа, креатив-шығармашылық егіз қосарлану мәселесі: Монография. – Алматы, 2019. – 400 б.

17. Arslan Mustafa, Köktürk Milay. Halkbiliminde teori ve yöntemler ayışları //Millî Folklor. Sayı 41, 1999, ss. 14-28.

Б.Т. Nuriman

Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey

The Theory of "Performance" in world folklore studies and its view in Turkic Folklore

Abstract. Since the beginning of the XX century, there has been a different approach to the analysis of the folklore text and a different method of research has been proposed. As one of them, the theory of "Performance" has been widely discussed among folklore scientists of the world since 1970. "Performance" is a term used to refer to the performance of a folk work on stage or in public. New opinions were expressed for the first time in the studies of oral folk art, but it was the American scientist Dan Ben-Amos who proposed them as a theory in the scientific environment. He proves that the folklore text is directly influenced by the professionalism of its narrator, inspiration at the moment of performance and the applause of the audience. Therefore, it is proposed to study the folklore text together with the speaker and the listener, that is, within the

framework of the speaker-listener-text triad. This theory has been used since 1970 in America, Turkey and European countries, along with scientific research, in educational programs. Despite the fact that studies of such content are in Kazakh folklore, there is not a close connection with the world process. Kazakh folklore needs a new differentiation in the light of modern humanitarian knowledge in accordance with world experience. Therefore, the article analyzes the theory of "performance", studies the connection with Kazakh folklore. Using the example of oral folk art-the traditions of aitys and zhyrshylyk, the place of this theory in Turkic folklore is indicated.

Keywords: Performance, folklore text, speaker, listener, speaker-listener-text.

Б.Т.Нуриман

Университет Анкара Хаджи Байрам Вели, Анкара, Турция

Теория «Перформанса» (Performance) в мировой фольклористике и ее взгляд в тюркском фольклоре

Аннотация. С начала XX века сложился разный подход к анализу фольклорного текста и был предложен разный метод исследования. Как один из них, теория «Перформанса» (Performance) широко обсуждается среди ученых-фольклористов мира с 1970 года. «Перформанс» – как термин используется для обозначения исполнения фольклорного произведения на сцене или на публике. В исследованиях устного народного творчества впервые были высказаны новые мнения, но именно американский ученый Дан Бен-Амос предложил их в качестве теории в научную среду. Он доказывает, что на фольклорный текст напрямую влияют профессионализм его рассказчика, вдохновение в момент исполнения и аплодисменты слушателей. Поэтому фольклорный текст предлагается изучать вместе с произносителем и слушателем, то есть в рамках триады говорящий-слушатель-текст. Данная теория используется с 1970 года в Америке, Турции и странах Европы, наряду с научными исследованиями, в образовательных программах. Несмотря на то, что исследования такого содержания находятся в казахской фольклористике, прослеживается нетесная связь с мировым процессом. Казахский фольклор нуждается в новой дифференциации в свете современного гуманитарного знания в соответствии с мировым опытом. Поэтому в статье анализируется теория «перформанса», изучается связь с казахским фольклором. На примере устного народного творчества – традиции айтыс и жыршылык, указывается место данной теории в тюркском фольклоре.

Ключевые слова: Перформанс, фольклорный текст, говорящий, слушающий, говорящий-слушающий-текст.

References

1. Dan Ben-Amos. Şartlar ve Çevre içinde folklorun bir tanımına doğru. Çev. Metin Ekici // Millî Folklor. Sayı 33, Bahar 1997. pp. 74-87.
2. Ekici Metin. Halk Bilgisi (Folklor) Derleme ve İnceleme Yöntemleri. 8.Baskı. – Ankara: Geleneksel Yayıncılık, 2018. P. 242.
3. Urakova, Lazzat. Performans Teori'nin Aytıslara Uygulanması ve Konısbay'ın Şınbolat'la Yaptığı Aytısta Söyleyici, Genel Dinleyici ve Düzenleme // Bilig, 71, 2014. pp. 269-280.
4. Nurimanov Bekarys, Kishkenbayeva Zhuldyzay. Küresel salgın (covid-19) sürecinde Kazakistan'da âşık atışmaları ve salgınla ilgili şiirlerin incelenmesi // Millî Folklor. Cilt 17. Sayı 129, 2021. pp. 98-110.
5. Nuralieva N. Kazaksha-agilshinsha sozdik [Dictionary Kazakh-English]. Almaty: Daik-

Press, 2008.P. 230.

6. Fine Elizabeth C. Performance Approach / American Folklore An Encyclopedia /Edited by Jan Harold Brunvand. New York & London: GarlandPublishing, 1996. P. 1650.

7. Çobanoğlu Özkul. Halkbilimi Kuramları ve araştırma yöntemleri tarihine giriş. 11.Baskı. – Ankara: Akçağ, 2020. P. 443.

8. Awezov M. Shigarmalarinin elu tomdik tolik zhinagi [Complete collection of works in fifty volumes]. Vol.10. Almaty: Dawir, Zhibek zholy. P.456.

9. Ismailov E. Akyndar: (Zhambil zhane halik akyndarinin shigarmashiligi turali monografya) [Poets: (Monograph on the work of Zhambyl and folk poets)]. Almaty: Kazakh State Publishing House of Fiction, 1956. P. 340.

10. Ybraev Sh. Turki eposinin poetikasi men tipologyasi (Kazak batirlik zhirlari negizinde) [Poetics and typology of the Turkic epic (on the basis of Kazakh heroic epics)]. Astana, Saryarka, 2012. P. 236.

11. Kapchan Deborah A. Performance // Journal of American Folklore.Vol. 108. No. 430, 1995. pp. 479-508.

12. Zhusipov B. 2010). Suleyler. Monografya [Poets. Monograph]. Arna-b, Almaty, 2010. P. 232.

13. Tursunov E.D. Kazak auyz adebiyetin zhasaushilardin bayirgi okilderi [Ancient representatives of the Kazakh oral literature]. Almaty: Publishing house "Gilim" of the Kazakh SSR. 1976. P. 195.

14. Özdemir Erdem. Performans teori, âşik fasılları ve doğaçlama // Rast Müzikoloji Dergisi, Cilt IV, Sayı 3, 2016. pp.1357-1366.

15. Oğuz M.Öcal. Türk dünyası folklorunda yeni yöntem arayışları // Millî Folklor, Sayı 33, 1997. pp. 3-8.

16. Zhusipov B. Epikalik zhirshilik dastur: reproduktiv-tuindatpa, kreativ-shigarmashilik egiz kosarlanu maselesi: Monografya [Epic poetry tradition: The problem of reproductive-creative, creative-creative twins. Monograph]. Almaty. 2019. P. 400.

17. Arslan Mustafa, Köktürk Milay. Halk biliminde teori ve yöntem arayışları //Millî Folklor. Sayı 41, 1999, pp. 14-28.

Автор туралы мәлімет

Нұрман Бекарыс Тілегенұлы – PhD доктор, Түрік фольклоры ғылыми-зерттеу институты, Анкара Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия.

Nuriman Bekarys Tilegenuly – PhD, Researcher of Research Centre for Turkish Folklore, Ankara Hacı Bayram Veli University, Ankara, Turkey.

¹Zh. Beisenuly*, ²M. Arslan¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan²Pamukkale University, Denizli, Turkey

*Corresponding author: zhakypbeisenuly@gmail.com

KAZAKH-UZBEK LITERARY CONNECTIONS

Annotation. *Kazakhs are kindly disposed towards Uzbeks regarding them as brothers, and Uzbeks sympathize with words "If your friend is Kazakh, then you are not left in trouble". It is a sign of brotherhood between two nations. Proclamation of the year 2018 the year of Uzbekistan on the Kazakh land as a symbol of brotherhood and rendering honors to great Kazakh poet Abay's creative work in Uzbek country are made deliberately. These significant events in literary process also point to the dynamic development of cultural and literary intercommunication in the Turkic world. It is known that worldview features of the nation are reflected on its art of the word. For this reason, it is important to study Kazakh-Uzbek literature with common historical roots in the context of comparative literature studies. This article examines Kazakh and Uzbek literary relations originating from folklore, and literary relations between them are divided into chronological periods in accordance with principles of historical development. Accordingly the aim of the article is to identify historical bases of Kazakh-Uzbek literary relations and special aspects of their development.*

Key words: *Kazakh Literature, Uzbek Literature, common folklore, literary relations, literary translation, thematic integrity.*

DOI: 10.32523/2616-678X-2022-138-1-144-154

Introduction

Before getting to the subject matter of Kazakh and Uzbek literary relations, we need to make sense of the concept of "Literary relations". The development of the art and literature of any nation directly depends on the place where it is located and on its neighboring civilizations. This interrelated problem is studied by a branch of literature, which is known as comparative literature. Comparative literature is a branch of literary studies dealing with the history of literature, literary relations, the literary process and its peculiarities, and the problems of fiction.

Comparative method that allows comparing segments of different concepts and revealing national identity and international versatility (Tassilova, 2018: 322). It also deals with in breadth and depth an origin and formation of literature as a form of art, the ways of its development, as well as its relations with literatures of other nations, the place of fiction in world literature, interchangeability in the world of literature, translation, etc., by comparing the past and the present. In other words, comparative literature studies are methodological art that compares literary texts with each other and is aimed at bringing them closer in space and in time, analyzing similarities, relationships, and interactions (Rousseau, 1994: 182). Comparative literature studies are branch of study aimed at providing a cross-light of the history of cultural interrelation aspects in literature. Jonathan Locke Hart (2017: 490) claims that nations and national literatures are not isolated from one another, and it is impossible for world literature to exist without the stories of different regions or nations to compare or to aggregate in a constantly changing world. That means even though national, comparative, and world literature are considered as separate branches of literature they depend a lot on each other. Each of them exists alongside each other, sometimes

